



КОРОНАВИРУСТЫҢ
АЛДЫН АЛҒАН
ДҰРЫС

3-бет



ЕЛГЕ ЖАСАЛҒАН
ЕҢБЕК ЕЛЕНБЕЙ
ҚАЛМАЙДЫ

6-бет



СӘМБІ
ТАЛДЫҢ
САЯСЫ

8-бет

 БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ҚАҢТАР ТРАГЕДИЯСЫНАН САБАҚ АЛУ МАҢЫЗДЫ



Қанды қаңтар қоғамдағы татулықты әдейі шайқау мақсатында арнайы жүзеге асырылған жоспар. Басты мақсат – еліміздің жоғары басшылығын ауыстыру болды. Шын мәнінде мемлекеттік төңкеріске әрекет жасалды. Бұл туралы Парламент Мәжілісінде арнайы өткен тыңдауда Бас Прокурор Берік Асыллов мәлімдеді.

(Соңы 2-бетте)

 ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӨҢГІМЕ

Ғазиз ТЕЛЕБАЕВ,
философия ғылымының докторы,
профессор, ҚР Әлеуметтік ғылымдар
академиясы мен Халықаралық
ақпараттандыру академиясының
академигі:

«АУЫЛДЫҢ ЖАҒДАЙЫ ЖАҚСАРМАЙ, АДЫМЫМЫЗ АЛҒА БАСПАЙДЫ»

– Ғазиз Тұрысбекұлы, Қазақстандағы ұлттық бірегейлікке қандай баға бересіз?

– Ұлттық бірегейлікті біз теориялық жағынан дұрыс түсінеміз. Ол этникалық бірегейлік емес. Мемлекет басшысы да өзінің сөйлеген сөздерінде осыған көп назар аударады. Ұлт дегеніміз – азаматтық бірегейлік. Азаматтық бірегейлік болу үшін осы жерде тұратын барлық азамат бір ел, бір халық болып жұмылып, бірге жетістіктерге жету керек.

Практикалық тұрғыдан келгенде ұлттық бірегейлікті қалыптастыру оңай нәрсе емес. Осыдан 10 жыл бұрын ол бізде қалыптаса ма, қалыптаспай ма деген ойда болсақ, қазір қалыптасып келе жатыр деп зор сеніммен айтуға болады. Дегенмен, әлі күнге дейін кейбір этникалық топтар, әрине, түгел емес, олардың кейбір мүшелері осы ұлттық бірегейлікке жанаспайтын ойлар білдіреді немесе қылықтар жасайды. Оның бір мысалы Қордайда болған оқиғалар. Бұл біздің ұлттық бірегейлікке сын болды. Жалпы айтатын болсақ, біз ұлттық бірегейлік деп қазақстандық бірегейлікті айтып жүрміз. Біз көп ұлтты мемлекет емеспіз. Тек көп этносты мемлекетпіз. Ұлт біреу-ақ бізде.

– Қазақстандық және ұлттық бірегейліктің айырмасы қандай? Көп кісілер қазақстандық деген атауға қарсы. Неге қазақ бірегейлігі деп айтпаймыз, барлық мемлекетте солай ғой дейді.

– Бұл жерде ұлттық бірегейлік дегенді біз басқа этникалық топтарды қазақтан итермелемеу үшін айтамыз. Сіздер де осыған кіресіздер, сіздер де ұлтсыздар. Біз бәріміз бір ұлт, бір ел, бір халықпыз деп. Әрине, оған қарсы шығатындар да бар.

(Соңы 5-бетте)

 МІНБЕР

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІҢ ТӘУЕЛСІЗДІГІ АТА ЗАҢДА АЙҚЫН КӨРІНУІ ТИІС!

(Мәжілісі депутаты Қазыбек ИСАНЫҢ Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты мен М. Нәрікбаев атындағы Қазақ ГЗУ өткізген «Құқық жүйесіндегі қазақ тілінің мәселелері және оларды шешу жолдары» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияда сөйлеген сөзі)

«Ет сасыса, тұз себеді, тұз сасыса не себеді?» – дейді халық даналығы. Сол секілді сот саласында кейінгі кезде мемлекеттік тілдің қолданылуы артып келе жатқанымен, әлі сын көтермейді. Сот саласында істердің 29 пайызы ғана мемлекеттік тілде. Бұл әсіресе, Астанадан бастап, орталық пен солтүстік және шығыс өңірлерінде өте аянышты халде.

Мен өзім күз болған сот ісінен мысал келтірейін. Қоғамда үлкен резонанс тудырған Су комитетінің экс-төрағасы Ислам Әбіштің ісіне 2019 жылдың көктемінен бастап, бір топ ұлт зиялыларымен бірге екі жыл қоғамдық қолдаушы болып қатыстым. Біріншіден, ең үлкен сорақылық – сотты жүргізген судьялардың

мемлекеттік тілді дұрыс білмеуі. Мысалы, судья Мекемтас Қажымұқан екі беттік қаулыдан 74 қате жіберді. Бұл «Қазақ үні» сайтында және әлеуметтік желілерде үлкен шу болды! Бұл тәуелсіздік алғанына 30 жыл болған Қазақстан Астанасындағы сотта болуда. Мысалы біздің ауылда, шалғай Шардарадағы, қиырдағы Қы-

зылқұмдағы мектептің үшінші сынып оқушысы екі бет қағаздан 74 қате түгілі, 7 қате де жібермейді. Ал бұндай сауатсыз сот мүшелеріне қалай адам тағдырын сеніп тапсыруға болады?

Адвокаттар мен қоғамдық қорғаушылар қазақша жетік білмейтін судьяға да сенімсіздік танытып, ол сот залынан шығып кетуге тура келді. Оның орнына келген судьяның қазақшасы одан бетер нашар екен! Оған да сенімсіздік таныттық. Одан кейін келген судьяның мемлекеттік тілге сауаты алдыңғы екеуінен де сорақы болып шықты. Жалпы, соттың бір отырысында үш судьяға үш рет сенімсіздік білдірдік. Ақы-

ры, Астана сотында мемлекеттік тілді білетін бір де бір судья табылмаған масқара жағдайға көз жеткізген соң, сол басындағы Мекемтас Қажымұқанға зар болып, ол қайта келуге мәжбүр болды.

Қазақ елінде қазақ тілі бар екенін, оның сот пен заң, құқық саласында қолданылуы Конституциямен, заңдармен бекітілген мемлекеттік тіл екенін Тәуелсіз Қазақстанның 30 жылында Астананың соты жалпы, Қазақстан соты тұңғыш рет осылай еске түсірді.

(Соңы 4-бетте)

ҚАҢТАР ТРАГЕДИЯСЫНАН САБАҚ АЛУ МАҢЫЗДЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Бұл депутаттардың сан мәрте сұрау салуымен екінші мәрте өткен шара. Асылымыз мырзаның айтуынша, тергеу органдары оқиға хронологиясын, негізгі ұйымдастырушыларды анықтады. Прокурорлар басқарған ведомстволарлық топ жаппай тәртіпсіздіктерді ұйымдастырушылар мен қатысушылар, тероризм актілері, күш құрылымдарының бірқатар басшыларының әрекеттері және азаптау фактілері бойынша жұмыс істепті. Жалпы, арнайы прокурорлар тонаушылардың әрекетін күмі үйістерді, ұйымдастырушы кім, олардың көздеген мақсаты не екенін анықтау үшін 720 қылмыстық істі тергепті. Бұл істер бойынша, тыйым салынған экстремистік топтардың 25 мүшесі ұсталды. Ұйымдасқан қылмыстық топтардың 42 мүшесі қамауға алынды. Одан бөлек, күдіктерінің арасында деструктивті діни ағымдардың 8 жақтаушысы бар. 126 адам кісі өлтіру, ұрлық, тонау және қарақшылық жасағаны үшін бұрын сотталған. Негізінен жаппай тәртіпсіздікке қатысушылардың көбі – 35 жасқа дейінгілер. Бұдан бөлек, шетелдік азаматтар жаппай тәртіпсіздікке қатысқаны және басқа қылмыстар бойынша күдікті болып танылғаны белгілі болды. Оның ішінде Өзбекстан, Ресей, Қырғызстан және Тәжікстан азаматтары бар. Бүгінде осы тергелген істер бойынша 573 адам сотталды. Оның ішінде 2 іс – терркт жасау фактісі бойынша.

КУДІКТІЛЕР КӨШІН

КОМИТЕТЕГІЛЕР БАСТАДЫ

Ұлттық қауіпсіздік комитетінің бұрынғы басшыларына қатысты мемлекетке опасыздық жасау және басқа да аса ауыр қылмыстық істер «аса құпия» режимінде тергелді. Материалдарды жариялауға шектеу қойылған, өйткені оларда сыртқы саяси, қарсы барлау және жедел-іздестіру қызметіне қатысты мәліметтер бар. Оларды жариялау ұлттық қауіпсіздік мүдделеріне нұқсан келтіріуі мүмкін. Қылмыстық істер қазір сотта қаралауда.

ҰҚК-нің бұрынғы төрағасы Мәсімов пен оның бұрынғы орынбасары Садықұлов мемлекетке опасыздық жасау, билікті күштеп басып алуға бағытталған әрекеттер, лауазымдық өкілеттіктерді асыра пайдалану бойынша сотқа берілді. Тағы бір орынбасары – Ергожин билікті күштеп басып алуға бағытталған әрекеттер, лауазымдық өкілеттіктерді асыра пайдалану бойынша айыпталуда. Сондай-ақ, бұрынғы орынбасары Осиповке және ҰҚК бөлімшелерінің басқа басшыларына өкілеттіктерді асыра пайдалану айыбы тағылып отыр.

2021-де жыл бойы жасырын түрде радикалдық шара қолдану үшін арнайы топтың дайындалғаны анықталды. Орындаушылардың қатарында ұйымдасқан қылмыстық топтар болған. Олар адамдарды жинап, қаруландырған, рация және көлік сатып алған. Тергеу анықтағандай, осы бүлдіргі әрекеттердің басында күш құрылымдарының жекелеген өкілдері тұрды. Мысалы, тергеу версиясы бойынша, Алматыда Жұмагелдиев (лақап атау «Дикий Арман») ерекше рөл атқарған. Оның әрекетін ҰҚК-дегі кураторы үйлестіргені анықталды. Ол тәртіпсіздіктерді ұйымдастырып, адамдар тобын басқаруы өз қолына алып, билікке бұлтартпас талап қою үшін «халық кеңесі» дегенді құруы тиіс болған. Оған Алматы қалалық мәслихатының экс-депутаты, сондай-ақ, қылмыстық топтың белсенді мүшесі Махатов көмектесіпті. Ол Алматыдағы «Қазақстан» қонақ үйіне келуші бандиттерді қаруландырған. Алайда олар жаппай наразылықты басқара алмаған, халық сондықтан ермеген. ҰҚК-нің бұрынғы төрағасының ұсталғаны туралы ақпарат алған соң, сенімді алиби жасау мақсатында, мародерлермен күресті желеу етіп, содырларға қала тұрғындарына шабуыл жасау тапсырылған. Сол үшін 6 қаңтарда олар қаланың әр жерінен 24 кездейсоқ адамды ұрлап кеткен, сосын «Ritz Carlton» және «Қазақстан» қонақ үйлерінің паркінгінде оларды ұрып-соғып, ұстап отырған. Кейін оларды қаланың шетіне апарып, ҰҚК қызметкерлерінің қарулы күзетімен контейнерде тұнкеткен. Одан соң әуежайға кізгізген, сол жерде Өтепбаев азаптаудан қайтыс болған.

2 МЫҢ ҚАРУ-ЖАРАҚТЫҢ ҚАЙДА ЕКЕНІ БЕЛГІСІЗ

Прокуратура бүгінде осы фактілер бойынша тергеуді аяқтапты. Біас прокурор аумақтық күштік орган басшыларының билікті асыра пайдалануы туралы фактілерге арнайы тоқталды. Бұл ретте ол жаппай теріңсіздіктер шегіне жеткен кезінде Алматы қаласы, Алматы облысы мен Қызылорда облысының Ұлттық қауіпсіздік комитеті департаменттерінің жеке құрамының барлығы өз міндеттерін тастап кеткенін ашық айтады. Тергеу кезінде 5 қаңтарда жеке құрамды ғимараттан кетуге дайын болу қажеттілігі туралы Ұлттық қауіпсіздік комитеті төрағасының орынбасары Садықұловтың нұсқауы келіп түскені анықталды. Мәсімовтің тапсырмасы бойынша Алматы қаласы мен Қызылорда облысының Ұлттық қауіпсіздік комитеті департаменттерінің жеке құрамы жұмыс орындарын тастап кеткен. Мұндай нұсқауды Алматы

және Жамбыл облыстарының Полиция департаменттері де орындаған. Турасын айтқанда, осы басшылар әлсіздік танытты. Бұл өз кезегінде жеке құрамның рухын түсірді. Соның салдарынан тәртіпсіздіктің жолын кесу бойынша шаралар уақытылы қабылданбады. Нәтижесінде Алматы мен Талдықорған 2 күн бойы қарулы содырлардың билігінде болды. Олар қару-жарақтың үлкен арсеналы – 3 мыңға жуық автомат, пистолет, снайперлік винтовка және он мыңдай оқ-дәріні тонап кетті. Яғни, осы басшылардың кесірінен ең қауіпті атыс қарулары бүлікшілердің қолына түсті.

Әлі күнге дейін 2 мыңға жуық қарудың қайда екені белгісіз. Ар-

Алдағы жылдар Қазақстан үшін күрделі жылдар болмақ. Енгізі кезде бізге мықты, сыртқы қайыңке төтеп беріп, елің қорғауға қабілетті жаңартан Ұлттық армия, жаңа дәуірге лайықты, ел азаматтарына қорған болар Ұлттық сот, Ұлттық полиция, Ұлттық күштік құрылымдар керек.

найы прокурорлар билікті асыра пайдаланудың осы фактілері бойынша тергеуді аяқтады. Ұлттық қауіпсіздік комитетінің 3 аумақтық департаментінің экс-басшылары, Алматы облысы бойынша Полиция департаментінің бұрынғы бастығы және басқа адамдарға қатысты қылмыстық істер сотқа жолданды. Қазір сот талқылауы болып жатыр. Олардың кінәсінің дәрежесі мен жаза түрін сот анықтайды.

ӘЛЕУМЕТТІК ӘДІЛЕТСІЗДІК НӘТИЖЕСІ

Жалпы, «қаңтар оқиғасы» бойынша соттар 1 221 адамға қатысты істерді қарады, олардың 1 205 адамы сотталды. «Рақымшылық туралы» заңның қабылдануына байланысты арандатушылардың айтақанына көніп, жаппай тәртіпсіздік кезінде қылмыс жасаған 1 095 адам жазадан босатылды. Оның ішінде сот ауыр қылмыс үшін сотталған 1 001 адамның жаза мерзімін қысқартты. Қазір 315 адамға қатысты 127 қылмыстық іс тергелуде.

Жиында сөз алған депутаттар да бұл оқиғаның арнайы сценарий бойынша екенін кесіп айтты. Солардың бірі Ерлан Саиров «Қасіретті қантар» легитимді Президент Қасым-Жомарт Тоқаевқа қарсы реваншистік күштердің «мемлекеттік төңкеріс» әрекеті деп атап көрсетті. Ерлан Бижахметұлы бұл ретте 30 жылдың ішінде қалыптасқан «әлеуметтік әділетсіздік» фактілері, халықты саясаттан шеттету тенденциясы қоғамды, жұртты көтерілеуі мәжбүр еткенін орындай атап көрсетті. Ұлттық байлықтың ат

төбеліндей топтың еншісінде кетуі қордаланған проблемалардың бірден-бір себебі. Өткен жүйеде байлар байып, кедейлер кедейлене берді. «Әлемдік банктің» есебі бойынша, Қазақстан халқының 15 пайызы кедей санатында. 2019 жылы Қазақстанда білік ауысты. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев билікке келген күні «демократия мен плюрализм болмай, Қазақстанда тұрақты экономикалық дамуды қалыптастыру мүмкін емес» деп мәлімдеді. Президент билікке келгеннен кейін бірте-бірте, эволюциялық тұрпаттағы саяси реформаларды бастады. Саилов мырзаның айтуынша, бұл қадамдар, бұрынғы биліктің бір бөлігін ұнамады, дәл осы кезеңде билік

ішінде реваншистік күштер қалыптасты. Олар саяси реформаларға қарсылық жасады. Сонымен бірге, көптеген жылдар бұрын жоспарлы түрде Конституцияға жасалған әлімжеттік нәтижесінде, заманауи логикаға сәйкес келмейтін, мелекет мүддесінен тыс қосарланған институт қалыптасып, сол институт құшық құрылымдар, Үкіметтің жұмысына жөніс араласты. Нәтижесінде мемлекеттік аппарат, құқық қорғау, ұлттық қауіпсіздік органдарында Конституцияға, реформаларға қарсы топтар қалыптасты. Міне, осы кертартпа күштер Президент Тоқаевтың эволюциялық түрде, бейбіт саяси реформалар жасай бастағанын көре тұра, бюджет «майшелпегінен», бақылаусыз, шексіз биліктен айырылып қалатынын түсініп, лигитимді Президентке қарсы «заговор» дайындады. Олар жүйелі әділетсіздіктен шаршап, тұрмыс жұтан-дығынан, болашаққа сенімсіздіктен тұралаған азаматтардың бейбіт шеруін, әділ талаптарын пайдаланып кетті. Қасым-Жомарт Тоқаевтың сын-сәтте қабылдаған теугерудің іс-әрекеттерінің нәтижесінде Қазақстанның территориялық тұтастығы мен мызғымастығы сақталды. Құқық қорғау органдары тұтқындалған азаматтардан басқа да жасырынып үлгерген, ізін суытып, тасада тұрған реваншистерді анықтауы керек. Мәжіліс бұл мәселені әрқашан өзінің бақылауында ұстайды.

ИДЕОЛОГИЯЛЫҚ КЕҢІСТІКТЕГІ КЕМШІЛІК

Депутат Жанарбек Әшімжан бұл оқиғадағы жастарға қатысты шын-

дікты ортаға салды. Ол қаңтар бүлігі жастардың әлеуметтік-экономикалық бейімделуінде үлкен оқшылықтардың бар екенін айқын көрсеткеніне тоқталды. Сол күндері қылмыскер болуға, елін опасыздар қылы қолына беруге дайын жас азаматтардың бар екені белгілі болғанын, мұның аса қауіпті үрдіс екенін атап көрсетті. Оның айтуынша, бүлқұбылыс аспаннан құлап түскен жоқ, бұған жылдар бойы мадақ пен мақтаннан арыла алмаған, жалған ұрандарға алданған идеологиялық кемшіліктегі кемшілік пен мемлекетті басқару жүйесіндегі жастарға деген қалдықты принциптен қарау ықпал етті. Еліміздегі жастардың мәселесіне байланысты қағаз жүзінде даярланатын ақпараттар мен оның қазіргі шынайы жағдайының арасындағы алшақтық сын көтермейді.

Дегенмен, біздің өзге Отанымыз жоқ. Сондықтан, адал еңбек пен озық білім бағаланатын қоғам құру үшін жастар көп еңбектену керек. Арампиғылды бандиттерді ағалайтын заман емес, білімді паналайтын заман екенін түсінетін уақыт жетті. Жаңа білім алуға, өз кәсібіміздің шебері болуға ұмтылатын, істің тек мәнісін білетін емес, әдісін қатар қолданатын кезең келді.

Депутат Айдос Сарым біз әлі де Қаңтардың барша ақиқаты мен шындығын түсінбегенімізді қың- жыла жеткізді. Соның салдарынан осы трагедиядан кейінгі кезеңде оппозиционеріміз қасақана таратып жатқан демагогиялық дақпырт пен жалған ақпараттар легіне жүйелі жауап бере алмай келеміз. Тергеу мен сот ісі біткенін ғана күтіп жат- пай, идеологиялық жұмысты елге- төніп отырған қатерлер деңгейіне көтеретін кез келді.

Сонымен қатар Айдоус Сарым ОДКБ әскерінің елге келуіне байланысты ойын ортаға салды. Оның айтуынша, еліміздің бірлігін қаламайтын күштер, билік пен халықтың арасына жік салу үшін талай дақпырт таратты. Мысалы, орыс немесе қырғыз әскері халыққа оқ атты деген сияқты. Шындығында олай болмаған-ды ақиқат. ОДКБ тек техникалық көмек функциясын жүзеге асырды. Елдің, мемлекеттің тәуелсіздігі, тұрақтылығы тек өз әскеріміздің, полициямыздың арқасында ғана жүзеге асты. Бұл тұрғыдан қазақ елі ешкімге де қарыздар болған емес, болмайды да.

Қаңтар трагедиясынан шынайы сабақ алғанымыз рас болатын болса, онда Мемлекет басшысы бастаған реформалардың аясында бірігіп, жігер танытып, елдік істі үлкен күш-жігер және біліктілікпен іске асыруымыз шарт. Алдағы жылдар Қазақстан үшін күрделі жылдар болмақ. Ендігі кезде бізге мықты, сыртқы қауіпке төтеп беріп, елін қорғауға қабілетті жаңарған Ұлттық армия, жаңа дәуірге лайықты, ел азаматтарына қорған бойы Ұлттық сот, Ұлттық полиция, Ұлттық күштік құрылымдар керек. Осыны қамтамасыз етсек қана Қаңтар трагедиясынан сабақ алғанымыз рас болады.

А.ТҰРМАҒАНБЕТОВА,
«Заң газеті»



Ішкі істер министрі Марат Ахметжановтың тапсырмасына сай Алматы және Астана қалаларындағы патрульдік полицияның жеке құрамына нұсқаулық өткізілді. Шара барысында министрінің орынбасарлары Марат Қожаев пен Игорь Лепеха еліміздің екі қаласында қоғамдық тәртіпті және халықтың қауіпсіздігін қорғауды қамтамасыз ететін қызметкерлердің дайындығын тексерді.

Олар қоғамның сұранысына ден қойып, қиын жағдайға тап болған азаматтарға уақытылы көмек көрсету-ге, сондай-ақ, сыпайы мінез-құлық пен этикалық

және халықтың қауіпсіздігін қорғауды қамтамасыз ететін қызметкерлердің дайындығын тексерді.

Олар қоғамның сұранысына ден қойып, қиын жағдайға тап болған азаматтарға уақытылы көмек көрсетуге, сондай-ақ, сыпайы мінез-құлық пен этикалық

нормаларды сақтауға бағытталған полицияның сервистік моделі аясындағы жұмысты еске салды. Сондай-ақ, полицейлердің заңдылық пен тәртіпті сақтауына ерекше назар аударылды. Мұндай тексерулердің нәтижелері қызмет өткеру және аттестация өткізу кезінде ескерілетін болады. Айта кету керек, пилоттық жобаны патрульдік полицияда сынақтан өткізу жоспарлануда. Себебі, дәл осы қызметтің қызметкерлері күн сайын халықпен бетпе-бет жұмыс істейді. Тексеруді әртүрлі жағдайларды модельдеу арқылы өзіндік қауіпсіздік бөлімшелері жүргізетін болады. Негізгі мақсат – құқық бұзушылықтардың алдын алу және полиция қызметкерлерінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы иммунитет қалыптастыру.

А.ҚҰРМАНҒАЛИ

ЖАЗА ЖАУАПТЫЛЫҚТЫ КӨТЕРМЕЙ ОТЫР

Арал аудандық сотында 2022 жылы масаң күйде көлік басқарған тұлғаларға қатысты 97 әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер қаралған.

Жол жүру ережесін өрескел бұзған жүргізушілердің кінәсі медициналық куәландырудың қорытындысымен расталып, соның нәтижесінде оларға қатысты Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодекстің 608-бабымен әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамалар толтырылған.

Сотта аталған жүргізушілерге қатысты әкімшілік құқықбұзушылық туралы істер қаралып, әкімшілік қамаққа алу және көлік құралын басқару құқықтарынан айыру жазасы тағайындалған.

Көлікті масаң күйде жүргізген жүргізуші үшін тағайындалатын жаза қаншалықты ауыр қатал болса да, ішімдік ішіп көлік жүргізуші әрекеті азаймай келеді. Статистикалық мәліметке сәйкес, аудандық сотта 2021 жылы осындай құқық бұзушылық үшін 68 адам әкімшілік жауапкершілікке тартылған.

Салыстырмалы түрде қарайтын болсақ, 2022 жылы қаралған іс саны 29 іске артқан. Жаңа жылдың алғашқы жұмыс күнінде қаралған әкімшілік құқықбұзушылық туралы істер қатарын, масаң күйде көлік тізгіндеген азаматқа қатысты іс құрап отыр. Азамат У. 1 қантар күні автокөлігін масаң күйінде тізгіндеген. Құқық бұзушының ішімдік ішкені медициналық куәландыру қорытындысына сәйкес расталған. Сондай-ақ, құқық бұзушы сөт отырысында өз кінәсін мойындаған.

Жасаған құқық бұзушылығы үшін ол кінәлі деп танылып, 15 тәулікке әкімшілік қамаққа алу және 7 жыл мерзімге көлік құралын басқару құқығынан айыру түріндегі әкімшілік жазаға тартылған.

Жол-көлік оқиғасы өздігінен туындамай-
тыны белгілі. Ол жол жүрісі қағидаларының
қандай да бір талаптарын сақтамағандықтан
болады. Сондықтан да ішімдік ішіп көлік
басқару орны толмас қайғыға себепші бола-
тынын естен шығармайық.

**Қызылорда облысы
Арал аудандық сотының
баспасөз қызметі**

САҚТЫҚ

КОРОНАВИРУСТЫҢ АЛДЫН АЛҒАН ДҰРЫС

Кейбір елдерде коронавирустың күрт көбеюі қазақстандықтардың да көңілін алаңдатқаны рас. Ел арасында түрлі қаңқуға жол бермес үшін Денсаулық сақтау министрлігінің вице-министрі, ҚР Бас мемлекеттік санитарлық дәрігері Айжан Есмағамбетова арнайы брифингте сөз алып, елдегі коронавирустық инфекция бойынша эпидемиологиялық жағдайға түсініктеме берді

Айжан Есмағамбетованың мәліметінше, Қазақстанда коронавирустық инфекция бойынша эпидемиологиялық жағдай тұрақты. Қараша айының соңынан бастап сырқаттанғандар саны өскен. Желтоқсан айында індет жұқтырғандар қатары көбейе түскен. Соңғы бір тәулікте 195 қазақстандық коронавирус жұқтырған. 7 қаңтардағы мәлімет бойынша, 2 437 адам ко-

ронавирус инфекциясынан емделіп жатыр. Олардың ішінде 272 науқас стационарда, 2 165 науқас амбулаториялық деңгейде ем қабылдап жатыр. Індетке шалдыққандар арасында 15 адамның жағдайы ауыр, 6 науқастың жағдайы өте ауыр, 4 науқас жасанды тыныс алу аппаратында жатыр.

Эпидемиологиялық жағдайды бағалау матрицасына сәйкес рес-



публика және барлық өңірлер жасыл аймақта орналасқан. Сонымен қатар, А.Есмағамбетова уақытылы вакцинациялауды және ревакцинациялауды, халық көп жиналатын орындарда бетперде киюді ұсынды. Коронавирустың алдын алу үшін адамдар көп жиналатын орындарға баруды шектеу, қолды өңдеу үшін антисептиктерді немесе дезинфекциялық майлықтарды пайдалану маңызды.

А.ӘСЕНҒАЗЫ

МҮМКІНДІК

ЖАСТАРҒА ЖЕҢІЛДІКПЕН НЕСИЕ БЕРІЛЕДІ

Мемлекет басшысының тапсырмасына орай Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі жастарға жеңілдікпен микрокредит берудің қағидасын бекітті. Бұл қағидат 2021–2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба шеңберінде қолға алынып отыр.

Қағидада кәсіпкерлік қызметті бастағысы келетін немесе кәсіпкерлікпен айналысатын 21 жастан 35 жасқа дейінгі жастар үшін конкурстық негізде микрокредит беру көзделген.

Микрокредиттер «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ арқылы берілетін болады. Номиналды сыйақы мөлшерлемесі жылдық 2,5%-дан аспайды. Қарыздың ең жоғары сомасы 5 млн теңгеге дейін және ол үшін кепілдің болуы міндетті.

Микрокредиттерді кез келген мақсат үшін 5 жылға дейін, ал мал шаруашылығына 7 жылға дейінгі мерзімге алуға болады. Сондай-ақ, негізгі берешек пен сыйақы-

ны өтеу бойынша жеңілдік кезеңі көзделген, ол микрокредиттеу мерзімі ұзақтығының 1/3 аспайды. Қазіргі уақытта министрлік жергілікті атқарушы органдармен кредиттік шарттар жасасу; «Аграрлық кредиттік корпорация» АҚ-мен жергілікті атқарушы органдардың тапсырма шартын жасасу; бизнес-жобаларды қарап, өңірлік комиссиялар құру бойынша кешенді жұмыстар жүргізуде.

Микрокредит алуға өтінімдерді қабылдау уақыты және өтініш беретін кеңселердің мекенжайлары туралы ақпарат қосымша хабарланатын болады.

А.ҚҰРМАНҒАЛИ

ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ

АҚ БОРАН ӘБІГЕРГЕ САЛДЫ

3-5 қаңтар аралығында полицейлер төтенше жағдай қызметімен және Қорғаныс министрлігінің әскери қызметшілерімен бірлесіп 1212 адамды эвакуациялаған. Олардың 173-і бала. Бұл туралы ІІМ Әкімшілік полиция комитеті төрағасының міндетін атқарушы Қайсар Сұлтанбаев мәлімдеді.



Түркістан облысында да жыл басы ерекше басталды. Біраз жылдан бері жаңа жылды ақ ұлпа қарсыз қарсы алуға үйренген облыс тұрғындары қоян жылын қарлы боранмен қарсы алды.

Облыс аумағында қалың қар жауып, ақ түтек боран басталды. Осы орайда азаматтардың амандығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін облыстық полиция департаментінің тиісті сала қызметкерлері республикалық, облыстық маңызы бар жолдарға жұмылдырылды.

Осы күндері табиғаттың тылсым күшінің салдарынан 100-ден аса көлік ақ боранның құрсауында қалып қойды. Сонымен қатар, бұрқасын боранның салдарынан ағаштар құлап, тұрғындардың жүріп-тұруына кедергі кел-

тірді. Түркістан облысының әкімі Дархан Сатыбалды техногенді сипаттағы табиғат апатының салдарын жою бойынша барлық жауапты құрылымдардың басшыларын жинап, жиналыс өткізді. Облыс әкімі жағдайды ба-яндаған әкімдікке қарасты құрылымдар, Төтенше жағдайлар департаменті, Ішкі істер департаменті, «Оңтүстік-жарық», Жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы басшыларына нақты тапсырмалар берді.

Ауа райының күрт өзгеріп, бұрқасын дауыл мен қатты қардың салдарынан Түркістан облысындағы бірнеше ауданның елді мекендері ішінара жарықсыз қалған. Қазіргі кезде жағдай тұрақталды. Бәйдібек пен Созақ аудандарында электр желілерін

қалпына келтіру жұмыстары әлі де жалғасуда. Соңғы бір тәулікте қалыпқа келтіру жұмыстары күні-түні жүргізіліп жатыр. Оқиға орындарында жарық беруші компанияның бригадалары мен 50-ге жуық адам, 12 техника жұмылдырылған. Жиында сөз алған «Оңтүстік жарық транзит» компаниясының басшылығы жағдай тұрақталатынын жеткізді. Облыс әкімі тиісті басқарма басшыларына қажетті қосымша техника мен 50-ге жуық адам, 12 техника жұмылдырылған. Жиында сөз алған «Оңтүстік жарық транзит» компаниясының басшылығы жағдай тұрақталатынын жеткізді. Облыс әкімі тиісті басқарма басшыларына қажетті қосымша техника мен 50-ге жуық адам, 12 техника жұмылдырылған.

Жауапты мекемелер электр желілерін жөнге келтіру жұмыстарын күшейтсін. Тұрғындар жарықсыз отырмау керек. Жолдардың жабылуы кедергі болған ауылдарға күш салынсын. Адамдар жеткілікті болсын, ауылдарға қосымша техника жіберу қажет, – деді облыс әкімі Дархан Сатыбалды.

Түркістан облысының таулы аймақтарында желдің екпіні 30м/с асты. Қатты дауыл әлі де жалғасып, көктайғақ болады деген болжам бар. Облыс аумағында жолдарды тазалау үшін барлығы 100-ден астам адам мен 100-ден астам техника жұмылдырылған.

Төтенше жағдайлар департаментінің бригадасы Бәйдібек, Созақ аудандарында қар құрсауында қалған жалпы 100-ге жуық адамды құтқарды. Оның ішінде ересектер де, балалар да бар. 5 жүк көлігі мен оннан астам жеңіл көлікті қар құрсауынан алып шықты. Авариялық-құтқару жұмыстары тоқтаусыз жүргізіліп жатыр.

Азаматтардың арыз-ша-

ғымдарын назарға алу үшін 109 бірыңғай байланыс орталығы жұмыс істеп тұр. Облыстық әкімдікке қарасты барлық құрылымдар күшейтілген режимде қызмет етуде.

Ал әкімшілік полиция басқармасының бастығы полиция полковнигі Алмасхан Тастанбеков: «Облыстың басым аумақтарында қар аралас жаңбыр жауып, соңы қатты желге ұласты. Қар қалың түсті. Бірқатар жолдар жабылды. Атап айтсақ, «Шолаққорған – Шаян» жолындағы Таскөпірсай асуы, «Шолаққорған – Кентау» жолындағы Ащысай асуы, Бәйдібек ауданының «Қошқар ата – Жарықбас – Бірлік» автожолы, Төле би ауданындағы «Көксәйек – Нысанбек» жолы және республикалық маңызы бар «Шымкент–Алматы» автотжолының Машат–Жамбыл облысы шекарасы аумағы жабылды. Оның бәрі азаматтардың қауіпсіздігі үшін жасалды».

Осыған байланысты әкімшілік полиция басқармасының бастығы облыс тұрғындарын аса қажет болмаса жолға шықпауға шақырып отыр. Шыққан жағдайда көлікті дайындап, көп мөлшерде жанар-жағармаймен шығуды, көлікте қосымша сыртқы киімдер, азық-түлік алуды да ұсынды. Сондай-ақ, жол қозғалысы ережелерін сақтап, жылдамдықты асырмауға кеңес берді.

Сонымен қатар, қар құрсауында қалып қойған 14 жолаушы құтқарылды. Төле би ауданындағы Көксәйек – Нысанбек тас жолының



7-шақырымында 14 адам қар құрсауында қалып қойған. Оның ішінде 4 бала бар. Төтенше жағдайлар департаментінің қызметкерлері мен полиция қызметкерлері жолаушыларды қауіпсіз жерге алып шығып, алғашқы көмек көрсетті. Сондай-ақ, қар ішінде қалып қойған 7 автокөлікті жол жиегіне алып шықты.

Төтенше жағдайлар департаментінің 4 қызметкері мен 1 техникасы жұмылдырылды. Жолаушылар Көксәйек ауылындағы №16 Өрт сөндіру бекетіне жеткізілді. Қазіргі кезде «Оңтүстік жолдары» МКҚ-нің 3 қызметкері мен 2 техникасы жолдарды тазалау жұмыстарын жалғастырып жатыр, – деді Түркістан облыстық ТЖД баспасөз қызметінің маманы.

Тұрғындардың тыныштығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етіп жүрген сақшылар қар құрсауында қалып қойған жүргізушілерге көмек беріп, алғысқа да бөленді. Осындай көктайғақтың салдарынан Ақбиік ауылы мен Т.Рысқұлов ауылы арасынан өтетін жол бойында «Киа Рио» маркалы автокөлік жол жиегіне шығып кеткен. Көліктің жолдан шығып кеткенін қызмет атқарып жүрген Түлкібас ау-

дандық полиция бөлімінің учаскелік полиция инспекторлары байқап қалады. Содан тәртіп сақшылары бірден әрекет етіп, автокөлік иесіне көмектеседі. Осылайша тәртіп сақшылары автокөлікті жол ортасына сүйреп шығарып, жүргізушінің алғысын алды.

Қар жауып, жолдың тайғақ болуы салдарынан жолдың шетіне шығып кеттім. Ал қасымнан өтіп бара жатқан қызметтік көліктегі полиция қызметкерлері бірден қолғабыс етті. Яғни, көлігімді қауіпсіз жерге тартып шығарды. Алла разы болсын, еңбектеріңіз жана берсін! – деді облыс тұрғыны.

Күннің суытуы жолдардың барлығында көліктердің жүруіне кедергі келтіруде. Осындай ауа райында азаматтардың амандығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін Түркістан облысы ПД-нің тиісті сала қызметкерлері республикалық, 2 маңызы бар жолдарға жұмылдырылды. Осы тұста полицейлер, азаматтарды күн райының өзгеруін бақылап, ескерту хабарламаларын назарға алуға шақырады.

Раушан НАРБЕК
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІН ТӘУЕЛСІЗДІГІ АТА ЗАҢДА АЙҚЫН КӨРІНУІ ТИІС!

(Соңы. Басы 1-бетте)

Екіншіден, құқық қорғау органдарының тергеушілері де қазақша білмейді. Мысалы, осы сотқа жауап беруге келген, Антикордың озақ тергеушілерінің бәрі қазақ тілінде аудармашы арқылы сөйлесті. Бұдан біз сот пен құқық қорғау органындағы, яғни заңды бірінші сақтауы тиіс заң саласындағы ең басты заңсыздық – мемлекеттік тілдің аянышты халіне куә болдық.

Сондықтан да өздері қазақ тілін білмейтін тергеушілер мен судьялар сот пен тергеудің орыс тілінде өтуіне мүдделі. Тергеушілердің де, соттың да жауапкерді тергеу мен соттың орыс тілінде өтуіне мәжбүрлеуі көп кездеседі. Ал қазақ тіліндегі жауап алу мен орыс тіліндегі жауап алуда екі тілдің өзіндік ерекшелігіне байланысты екі түрлі мағынасы бар екенін ескермейді. Бұл жауапкер тағдырына кері әсер етеді. Мысалы, бұрын орыс тіліндегі өткен тергеу мен соттың кейін іс қағаздары қазақ тіліне ауысқанда, сотталып кеткендердің ақталып шыққаны да аз емес. Бұл туралы белгілі заңгер, адвокаттарға берілетін ең үлкен сыйлық – «Адвокаттың Алтын белгісін» иеленген Абзал Құспан жазған болатын. Абзал Құспан өзі қорғаған Ислам Әбіш ісінің тергеуін мемлекеттік тілде өтуін талап етіп, бұған заңды қадағалаушы бас прокуратураның жауапты басшыларының өзі бастап қарсы болғанда, Жоғарғы Сотқа жүгіну арқылы ғана қол жеткізді.

Жалпы, біз мемлекеттік тілдің мемлекеттегі маңызын айтқанда, ең алдымен Ата Заңнан бастауымыз керек! Кезінде Мұхтар Шаханов пен Амангелді Айталы бастаған 20 шақты Мәжіліс депутаты сауалдарына Конституциялық кеңестің 2007 жылғы 23 ақпандағы №93 қосымша қаулысы бойынша «Конституциядағы мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады деген норма ресми тіл статусы емес және орыс тіліне екінші мемлекеттік тіл мәртебесі берілетінін білдірмейді» деген шешім шығарылған. Сондықтан, Ата Заңдағы 7-баптың 2-тармағы жұртты әлі шатастырып, орыс тілі заңсыз мемлекеттік тіл рөлін атқарып келе жатқандықтан, бүгінде ұлтаралық жанжалдардың туындауына себеп болып отыр. Сондықтан Конституцияның 7-бабының 2-тармағын алып тастайтын кез жетті. Өйткені, кез келген дүкенге, мекемеге кірген орыс тілін білмейтін және шет тілін білмеуге толық хақысы бар азамат ел заңнамасына сай мемлекеттік тілде қызмет етуді талап еткенде, одан 30 жыл бойы мемлекет те, басшысы да талап етпеген мемлекеттік тілді білмейтін сатушы не қызметкер «Бізде мемлекеттік тіл – екеу, Конституцияның 7-бабы, 2-тармағы солай» деп, заңсыз қарсыласады да, дау-жанжалдың барлығы осыдан шығады. Мемлекеттік тілдің мәртебесі туралы Конституциялық кеңестің қаулысы айқындап берген анықтама-тұжырымды осы уақытқа дейін біз әлі Парламенттегі көптеген депутаттарға, тіпті, мамандығы заңгер депутаттарға түсіндіре алмай келеміз.

«Біздің елде мемлекеттік тіл екеу», «Орыс тілі – ресми тіл, мемлекеттік тілдің орнына жүреді» деген заңға қайшы сөзді сауда орнындағы сатушы айтса мейлі, сақалы ағарған саясаткер, биліктегі лауазымды шенеуніктер, министр, әкім, депутаттар айтып жатқанда, олардың сауатсыздығына таңғаласың! Біздің Қазақстанда мемлекеттік тілге қарсы осындай заңсыз саясат отыз жылдан астам уақыттан бері үстемдік етіп келеді.

2016 жылы бірінші Президент Нұрсұлтан Назарбаев: «Орысшаға қазақ тілінде жауап бергендер жұмыстан қуылады» деп, өзі қол қойған заңдарға қарсы сөйлеген кезде біз М.Шаханов пен А.Айталы ағалар бастаған депутаттар талалымен қабылданған Конституциялық кеңес қаулысы мен Тіл туралы заңға сүйеніп, «ҚАЙ ТІЛГЕ БОЛСА ДА, ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ ЖАУАП БЕРСЕҢІЗ – ЗАҢДЫ БОЛАДЫ!» – деген мақаламен жауап бергенбіз.

Ол мақаламызда: «Орыс тілінің статусы мемлекеттік тілмен бірдей» деген сөз ойдан шығарылған, орыс тілінің құқын асыра пайдаланған орыс тілділер жасап алған жалған «статус». Сондықтан, «орысша жауап бермеді, қазақша жауап берді немесе қазақша сөйледі» деген шағымның бәрі – ЗАҢСЫЗ!»- деп жазған едік 2016 жылы 25 ақпанда.

«Тіл туралы» заңның 4-бабында «Мемлекеттік тіл – мемлекеттің бүкіл аумағында, қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін және іс қағаздарын жүргізу тілі», – деп айқын жазылған. Ал ҚРК-нің 30-бабы, ӘҚБтК-нің 738-бабы бойынша да Қазақстанда қылмыстық, әкімшілік құқықбұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізу тілі қазақ тілінде жүргізіледі, сот ісін жүргізу де мемлекеттік тілде жүргізілуі керек. Биліктің мемлекеттік тілді білетін мемлекеттік қызметкерлер жоқ деп, мемлекеттік тілді міндеттемей отыруы – Тәуелсіз 30 жыл бойы мемлекеттің мемлекеттік тілді дамытуда түк істемегенін мойындауы болып саналады.

ҰЛТТЫҚ ИДЕОЛОГИЯМЫЗ – МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛІМІЗ БОЛУЫ КЕРЕК!
МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІҢ ТӘУЕЛСІЗДІГІ АТА ЗАҢДА АЙҚЫН КӨРІНУІ ТИІС! ҰЛТТЫҚ МҮДДЕНІ ҚОРҒАУ – МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДЕН БАСТАЛАДЫ!
Ал бізде 30 жылдан бері МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ ТУРАЛЫ ЗАҢ ЖОҚ!



Конституцияның тіл туралы бабының 1-тармағын орындамай, оған қарсы 2-тармағын орындайтын ел әлемде тағы да жалғыз Қазақстан! ТІЛДІК ДИСКРИМИНАЦИЯҒА ұшырап жатқан – ҚАЗАҚ ТІЛІ, орыс тілі емес! Өйткені, МЕМЛЕКЕТТІҢ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛІ ДИСКРИМИНАЦИЯҒА ҰШЫРАУ – тарихта әлемде тек Қазақстанда ғана! Ал кез келген өзін сыйлайтын ел үшін алдымен әлемдік алты тіл емес, ең бірінші Мемлекеттік тілі маңызды! МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ ҚОРЛАТПАУ – МЕМЛЕКЕТ БАСШЫЛАРЫНАН БАСТАП, БӘРІМІЗДІҢ БАСТЫ МІНДЕТІМІЗ БОЛУЫ ТИІС!

Ұлттық намысы жоқтардың: «Бәріне түсінікті тілмен сөйлейін» дегені – МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ ҚОРЛАУЫ және бізде 30 жылда да МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІҢ БОЛМАҒАНЫН МОЙЫНДАУЫ! Ел біртұтас бірігу үшін барлық ұлт мемлекеттік тілде сөйлеуі керек! Түрік Республикасының тұңғыш Президенті Кемал Ататүрік сайлана салысымен алғашқы жылы-ақ: «Түркия мемлекеті мықты болуы үшін еліміздегі 78 ұлт бүгіннен бастап бәріміз бір тілде – түрікше сөйлейтін бір ұлтпыз!» – деп жариялады. Осындай қазақ ұлты алдындағы тарихи жауапкершілік пен ұлы аманат бізде де орындалуы тиіс еді. Өкінішке қарай, 30 жылымыз, бір дәуір босқа өтті. Мемлекеттік тілімізді міндеттейтін заң қабылдау үшін біз енді тағы 30 жыл үшінші президентті күтуіміз керек пе?!

«Ақ жол» фракциясы 2012 жылы Мемлекеттік тілдің қолданылуын арттыру бойынша заң жобасын жасағанда үкімет өткізбей тастады. «Қазақ тіліне қазақ үкіметі қарсы шықты» деп жаздық біз. Конституцияның тіл туралы 7-бабының 2-тармағын алып тастап, «Мемлекеттік тіл туралы» заңды талап етуді біз ҚР Президенті жанындағы Ұлттық Кеңестің 2019 жылғы 6 қыркүйекте өткен бірінші отырысында да көтердік. Парламентте «Ақ жол» фракциясының «Мемлекеттік тілдің жеке дара мәртебесін анықтайтын уақыт жетті!» деген депутаттық сауалды 2021 жылғы 3 ақпандағы ҚР Премьер-Министрі Асқар Маминге жасадық. Биыл да екінші рет 2022 жылғы 27 сәуірде ҚР Премьер-Министрі Ә.Смайыловқа Конституцияның тіл туралы 7-бабының 2-тармағын алып тастап, Мемлекеттік тіл туралы заңды талап еткен депутаттық сауал жасадық. Бұл сауалымызды Еговтағы петицияда жарты миллионнан астам адам қолдады.

2021 жылы Көкшетауда Ақмола облыстық сотының сол кездегі төрағасы, қазіргі Жоғарғы Сот судьясы Досжан Әмір, Жоғарғы Сот қызметкері Нұргүл Қарағойшина бар, мемлекеттік тілдің рөлі туралы республикалық конференция өткізді. Бүкіл зиялы қауым қатысты. Конференция қарарында №1 ұсыныс «Конституцияның тіл туралы 7-бабының 2-тармағын қайта қарау» болды. АТА ЗАҢДЫ ӨЗГЕРТПЕЙ, ТІЛДІ ҮЙРЕНУ – СУҒА ТҮСПЕЙ ЖҰЗУДІ ҮЙРЕН ДЕГЕНМЕН БІРДЕЙ! МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ МІНДЕТТЕУ – МЕМЛЕКЕТТІК МІНДЕТ!

Биліктің мемлекеттік тілді білетін мемлекеттік қызметкерлер жоқ деп, мемлекеттік тілді міндеттемей отыруы – Тәуелсіздіктің 30 жылғында мемлекеттің мемлекеттік тілді дамытуда түк істемегенін мойындауы болып саналады. Іргетас болмаса, үйдің қабырғасы мен шатырын жөндей бергеннен еш пайда жоқ. Мәжбүрлік керек.

«Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» заңның 23-бабының 3-тармағы осы заң қабылданғалы 1997 жылдан бері, яғни, ширек ғасырдан бері және Тәуелсіздіктің 30 жылдық дәуірінде де іске аспаған, іске асатынына елдің үміті жоғалған «жансыз» бап. Сондықтан да, 2020 жылы «Қазақ үні» порталында Мемлекеттік тіл туралы заңды талап етіп, ҚР Президентіне жазылған Ашық хатқа еліміздің әйгілі тарландары Ә.Нұрпейісов, Д.Исабеков, А.Әшімов, Қ.Жұмәділов, Ә.Айтбаев, А.Айталы, Т.Шарманов, М.Мырзахметов, К.Ормантаев, Н.Нүсіпжанов, Т.Әбдік, С.Елубай, С.Досанов, Ғ.Қабышев, Т.Медетбек, Б.Нұржекеев, И.Сапарбай, Ұ.Есдәулет және т.б. бастап, екі айда 130 мыңға жуық адам қол қойып, бұрынғы межелерден 1000 еседей көп тарихи рекордтық деңгейге жетті. Содан бері қарап отырсам, Ә.Айтбаев, Ә.Нұрпейісов, Қ.Жұмәділов, А.Айталы және т.б. 12 ұлт қайраткері мемлекеттік тіл туралы заңды күтіп өмірден өтіп кетті...

Ұлт мүддесі үшін бұрын мұншалықты қалың қол жиналған емес. Интернетке қолы жеткен 130 мыңға жуық Ел патриоты артында смартфон пайдалана алмайтын миллиондаған халық тұрғаны айқын. Бұл қалың қолдың ішінде тек қазақтар ғана емес, әртүрлі ұлт өкілдері де (50-ге жуық) жеткілікті. Яғни, Мемлекеттік тіл туралы заң қабылдау күн тәртібіндегі күннен-күнге күшейіп келе жатқан ең өзекті мәселе болып тұр. Сондықтан да «Қазақ үні» порталында бұл Ашық хатты 1 миллионға жуық адам оқып, 1 мыңнан аса пікір жазылып қолдау білдірді. Әлеуметтік желілердегі қаптаған қолдаушылардың санын есептеу мүлде мүмкін емес.

Жалпы, мемқызметкерлерді 0,5 пайыз деп есептесек, оның ішінде мемлекеттік тілді білмейтіндер жартысынан да аз шамада. Сонда билікке мемлекет мүддесін емес, мемлекеттік тілге миы жетпейтін бар-жоғы 0,2 пайыздың мүддесін қорғап, мемлекетке, билікке кір келтіріп отырғанын отыз жылдан бері ұғыну үшін көп ақылдың керегі жоқ қой. Біз мемлекеттік қызметшілердің, құқық қорғау органдары қызметкерлері мен соттардың және көпшілікке қызмет ету мекемелері қызметкерлерінің міндетті түрде мемлекеттік тілді еркін білуі туралы стандарт енгізуіміз керек. Мемлекеттік қызметкерлер тапсыратын ҚазТЕСТ сынағындағы Қазақ тілін 0-мен бағалау масқарасы жойылуы тиіс!

Парламентте 3 мыңға жуық заң шықса, соның екеуі ғана мемлекеттік тілде қабылданған.

2020 жылы 1 қазанда Қазақстан халқы Ассамблеясында еліміздегі барлық этнос өкілдері «МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ МІНДЕТТЕУ КЕРЕК» деп, арнайы ресми үндеу қабылдады. Біз енді тағы кімді және нені күтіп отырмыз?! Мысалы, Ресейде мемлекеттік тілді талап етсең – патриот болып мақталасың. Ал Қазақстанда мемлекеттік тілді талап етсең, нашар мағынадағы «ұлтшыл» атанып, датталасың, тіпті сотталасың! Сондықтан, Президент айтқан бір ғана Мемлекеттік тіл туралы заң қабылдау керек! Сонда ғана мемлекет басшысының айтқаны заңмен бекітіледі.

Ол өткен ғасырдағы қаламгер депутаттар Әкім Ысқақ жетекшілік еткен Көші-қон туралы заң және Фариза Оңғарсынованың жетекшілігімен жасалған «Отбасы туралы» заң. Назар аударыңыздар, бұл екі заң депутаттардың өз бастамашылығымен қабылданған! Ал осы уақытқа дейін бір де бір заңды мемлекеттік тілде ұсына алмаған Үкіметке не деуге болады?! Бұндай жат мемлекеттің тілінде сөйлейтін, жұмыс істейтін Үкіметтен не үміт, не қайыр?!. Әзге тілде сөйлейтін Үкіметтен өз еліне қандай жақсылық күтуге болады?!

2021 жылы Халықаралық Қазақ тілі қоғамының құрылтайында белгілі тіл күрескері Оразғұл Асанғазықызы бастап, біз қостап, бұрын Үкіметте болып, кейін Мәсімовтің кезінде жойылып кеткен Мемлекеттік тілдің қолданылуы жайлы ведомствоаралық комиссияны қайта құруды қаулыға енгіздік. Ал енді осы комиссия бір жылдан асқаннан кейін, кеше ғана құрылды. Себебі, сол кезде Президент әкімшілігі ішкі саясатын басқарып отырған бір функционер өзінен жоғары басшыға осы мәселе туралы жазғанда: «Егер біз Мемлекеттік тілдің қолданылуы жайлы ведомствоаралық комиссияны қайта құрсақ, көрші Ресей мемлекеті қалай қарайды?»– деп жазған?! Бұл не масқара?! Сонда, Тәуелсіздігіне 30 жыл болған мемлекеттің ішкі саясатына жетекшілік етіп отырған орыстың, ұлты қазақ басшы құлдық санамен осылай қалтырап отырса, жалпы Ұлттық идеология туралы сөз қозғаудың өзі мүмкін бе?! Сонда олардың Президенті Тоқаев па, Путин бе?! Міне, біздің 30 жылда да дамымай келе жатқанмыз!

Таяуда «Ақ жол» партиясы жиынында тілге жанашыр жас кәсіпкер жігіт Азат Болатұлы тіліміздің ауыр халі туралы сөз қозғап, арасында қорқынышты мысал айтты. Ол бір жұмысымен Астанадағы халыққа қызмет көрсету орталығына барып қалады. Сонда ЖСН алуға кезекте тұрған қаптаған Ресей азаматы өзара әңгімелесіп тұрып бір-біріне: «Айналаға қарашы, қазақтардың барлығы Ресей тілінде сөйлейді екен. Бұлар тәуелсіздік алмаған секілді, сондықтан бұл елге арнаулы операция өткізудің де қажеті жоқ секілді» деп айтқан! Бұл нені білдіреді?! Бұл – мемлекеттік тіліміздің ұлттық қауіпсіздігімізге төнген үлкен қаупін білдіретіндей құлдырауын көрсеткен зор дабыл!

ТІЛ ЖӨНДЕЛМЕЙ – ТІРЛІК ЖӨНДЕЛМЕЙДІ!

Ең басты формула – осы! Басқа жол жоқ! Әлемнің озат оқу ордасын үздік бітірген маман Қазақ тілін білмесе, оның білімінен қазаққа пайда жоқ! Бұны соғыстан кейінгі күйреген экономикасын мемлекеттік тілін ұлттық ұран ету арқылы көтерген Германия мысалынан да, соғыстан кейін күйреген экономикасын ұлттық идеологиясын ұлықтау арқылы көтерген Жапониядан да айқын байқауға болады. Жалпы, билік, мемлекет ұлтпен бірге болғысы келе ме? Ендеше ұлттың тілінде сөйлесін! Тәуелсіздік алғанына 30 жылдан асқан мемлекеттің басшысынан бастап, мемлекеттік қызметкерлердің бәрінің шет тілінде, орыс тілінде сөйлегенін ел ешуақытта көрмеуі керек! Отарлаушы елдің тілінде сөйлеп тұрып, Тәуелсіз елдің мүддесін қорғаймын деу – бос сөз! Бүгінде оған ешкім сенбейді! Онда «Жаңа Қазақстан», «Екінші республика», «Әділетті Қазақстан» дегендердің бәрі алдамшы, елді алдаған көзбояушылық болып шығады!

Біз Тәуелсіздікті кімнен алдық? Арысы патшалы Ресейден, берісі коммунистер билеген

Кеңес одағынан алдық! Ендеше азаттық алған елдің 30 жылдан астам өзін отарлаушы елдің тілінде сөйлеп келе жатқаны, ол тілді Конституциясы мен заңдарына бекітіп қойғаны қандай масқарашылық?! Әлемде қандай ел бар мұндай қорлыққа көніп келе жатқан?!

Депутаттық сауалымызда жариялағандай, «Салық төлеу қандай міндет болса, мемлекеттік тілді білу де сондай міндет болуы тиіс! Екі тілге бірдей жағдай жасау керек» деген – екіжүзділік! Ол аштан елгелі жатқанның аузынан асты жұлып ап, тоқтықтан жарыла жаздап жатқанның аузына тығумен тең».

Мемлекет пен үкімет басшыларының, министрлер мен әкімдердің, депутаттардың, саясаткерлер мен қайраткерлердің орыс тіліне ауысып кетіп: «Бәріне түсінікті тілмен сөйлейін» дегені – МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ ҚОРЛАУЫ және бізде 30 жылда да МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІҢ БОЛМАҒАНЫН МОЙЫНДАУЫ! Мемлекеттік тіліміз ең алдымен цифрлық бағдарламаларда басты орында болуы керек. Біз жақында IT маманы Жанат Аймағанбетовтың ұсынысы бойынша Цифрлық даму министрі Бағдат Мусинге 30 жылдан бері орыс тілінде сөйлеп келе жатқан деректер базасын қазақшалауды талап етіп, ресми хат жаздық. Қазақстандық азамат банкоматты ашқанда неге бірінші орыс тілі қарсы алуы керек! Содан кейін барып, қазақ тілін іздеуіміз керек?! Біз сонда Ресейде отырмыз ба? Банкоматтың басты тілі қазақ тілі емес, орыс тілі болса, онда ол Қазақстанның банкоматы емес?!

Тобықтай сөздің түйіні – мемлекеттік тілді міндеттейтін заң қабылдау қазіргі күн тәртібіндегі ең басты мәселе болып тұр! Мемлекеттік тілді меңгеруге негіз қалану үшін ең алдымен

еліміздегі балабақшалар мемлекеттік тілде болуы тиіс! Мектеп мемлекеттік тілде болып, мектеп бітіру және жоғары оқу орнына түсу ҰБТ-да Қазақ тілінен емтихан тапсыруы міндетті болуы тиіс.

2020 жылы 1 қазанда Қазақстан халқы Ассамблеясында еліміздегі барлық этнос өкілдері «МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ МІНДЕТТЕУ КЕРЕК» деп, арнайы ресми үндеу қабылдады. Біз енді тағы кімді және нені күтіп отырмыз?! Мысалы, Ресейде мемлекеттік тілді талап етсең – патриот болып мақталасың. Ал Қазақстанда мемлекеттік тілді талап етсең, нашар мағынадағы «ұлтшыл» атанып, датталасың, тіпті сотталасың! Сондықтан, Президент айтқан бір ғана Мемлекеттік тіл туралы заң қабылдау керек! Сонда ғана мемлекет басшысының айтқаны заңмен бекітіледі.

Қазақ елінде қазақша нан сұрай алмай отырсақ, бұған қазақ билігі жауапты! 30 жылдан бері әлсіз заныңның өзін орындада алмай отырған, нақты мемлекеттік тіл туралы заң қабылдауға қарсы болып отырған үкіметтің не керегі бар?

Павлодарда Руза, Өскеменде Жұлдызай, елордаларда Оғыз Доған, Жасұлан Иса, Мұқағали Балқубай, жарты Қазақстанды аралап шыққан керекуілік Диас Күзембай, Алматыда Садық Жанықұл, Жанар Жахат және т.б. жетіскеннен мемлекеттік тілді талап етіп жүрген жоқ көшеде. Мемлекеттік тіл туралы заңдылықты – Мемлекет мүддесін қорғап жүр! Заңдылықты қадағалаушы Бас прокуратураның, құқық қорғаушы Ішкі істер министрлігінің, заңды бақылау функциясынан айырылып қалған Тіл комитетінің жұмысын істеп жүр! Ресейде мемлекеттік тілде сөйлеуді талап еткендерді «ұлтшылдар» деп айыптауға бола ма? Ендеше, Қазақстанда да мемлекеттік тілде қызмет етуді талап ету – заңдылық!

Мемлекеттік тіл туралы заң қабылданса, ешкім көше кезіп, дүкен-кафе аралап, мемлекеттік тіл мәселесінде дау болмас еді. Ал қабылданбаса, көшеге шығудың көкесі сонда болады, дау көбейе береді. Бұның соңы бітпес дауға, тіпті толқуға апарып соғады. Бұл ең маңызды тіл мәселесіне үкіметтің жайлы кабинеттерінен шықпай-ақ, қара көзілдірік арқылы үстірт қарап, жалған ақпараттар арқылы шабар алып отыру мәселені ушықтыра береді.

Өткен 2021 жылы біз Көрнекі ақпарат туралы заң жобасына Тіл басқармалары үш жыл бұрын айырылып қалған кәсіпкерлік мекемелерді тілдік бақылау функциясын қайтару үшін Кәсіпкерлік кодекске қайта ұсынғанда, оған Қазақ Үкіметі, Ұлттық экономика министрлігі мен «Атамекен» ұлттық палатасы келісім бермей қарсы болып, өткізбеді. Оларға Қазақстанның 80 пайыздай қазақ азаматының тілдік дискриминацияға ұшырауы, әр жыл сайын көрнекі ақпараттардағы 13 мыңға жуық мемлекеттік тілдегі мазасқаталардың қаптауы түк әсер етпейтін секілді. Сондықтан да, әйгілі жазушылар Д.Исабеков, С.Елубаевтар «Қазақ үні» газетінде «Экономика министрлігі мен «Атамекен» палатасына қазақ тілі қажет емес пе?» – деп қатты сынады. Біз «Қазақ тілінің обалы – қазақ үкіметінде?» атты сын мақала жаздық.

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІҢ ДАМУЫ – МЕМЛЕКЕТТІК БАСТЫ КІНӨСІ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ МӘЖБҰРЛЕМЕЙ, ТІЛ ДАМУМАЙДЫ деп талай жаздық.

Мемлекеттік тіл туралы дербес заң қабылданбай елдің ең басты мәселесіне қатысты дау ұқшашан бітпейді, қайта өрши береді. Біз мұны ҚАУІП ЕТКЕННЕН АЙТАМЫЗ!

(Соңы. Басы 1-бетте)

Қазір қазақстандық ұлттан қазақ ұлты дегенге эволюциялық жолмен келе жатырмыз.

– Қазақ 30 жылда ұлы істерді атқара алатын рухы еркін халыққа айнала алды ма?

– Осы елдің, жердің иесі ретінде қазақта ұлттық сана қалыптасты. Бірақ барлық мәселені шешіп тастадық деп айтуға әлі ерте. Өйткені, осы мәселеге олигополия, жемқорлық және тағы басқа да қателіктер біраз нәрселер нұқсан келтірді. 30 жылда біраз жетістіктер болды, бірақ қателіктер де аз болған жоқ. Мысалы, біз қазір олигополия дейміз. Олигополия дегеніміз олигархтардың билікті өз қолына алуы. Олигархтар деген өте бай адамдар. Бай адамдар билікті алса ол өте қауіпті нәрсе. Алайда, бұл бай адамдарды билікке жақындатпау керек деген сөз емес. Көптеген елдерде бай болып та саясатқа араласып жүргендер бар. Саясаттануда олигополия деп байлығы арқылы билікке жақын болуды атайды. Этнос өкілдері арасында қазақтар өздері осындай нәрселерге жол береді де бірге жасайық деп бізге үйретеді деген бір пікір бар. Оған не деп жауап қайтарасыз? Сол себептен осы кемшіліктерді біз біртіндеп жеңсек, ол да бізге жақсы әсер етеді.

– Біздегі билік органдарында әлі күнге дейін орыс тілінің үстемдігі басым. Сондықтан мемлекет құраушы ұлт ретінде қазақтың мәртебесін айқындау бойынша Конституцияға өзгеріс енгізуге бола ма?

– Негізі қойылып отырған сұрақ өте дұрыс. Бірақ саясатта мынандай бір қағида бар. Біз нені жасау керекпіз және оны қашан жасау керекпіз деген. Мәселені осылай қойғанда кейбіреулер біз кімнен қорқамыз деп айтады. Мәселе қорыққанда, алаңдағанда емес, жан-жағымызды да қарауымыз керек. Әлемде не болып жатыр? Геосаяси жағдай қалай? Біздің төңірегімізде қандай өзгеріс орын алуда? Қазақстан екі алпауыт мемлекеттің ортасында тұр. Қандай әрекет жасауы мүмкін деп алдымен соларға қарайлаймыз. Бетін ары қылсын Қазақстанда да Украинағыдай жағдай орын алуы әбден мүмкін нәрсе. Ондай қауіп бар. Оны ескермеу мүмкін емес. Сол себептен бәрін ойланып жасау керек. Әрине, мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңіту үшін орыс тілін шектеу керек шығар. Кезінде мен Мәдениет министрлігінде істеп жүргенде «Тілдер туралы» заңға өзгертулер енгіземіз деп жұмыс тобын жинап, біраз түзетулерді дайындап қойғанбыз. Ең бастысы мемлекеттік қызметке келетін адам міндетті түрде мемлекеттік тілді білу керек деген өзгеріс енгізейік дегенбіз. Оны әлі заңға енгізе алмай келе жатырмыз. Мысалы бірінші мемлекеттік тілді мемлекеттік қызметтен бастасақ. Екінші, халыққа қызмет көрсету саласынан, үшінші, білім саласында жалғастырсақ деп. Бірте-бірте ол солай болатын шығар. Мәселен, қазақ мектебі, орыс мектебі немесе қазақ сыныбы, орыс сыныбы деген дұрыс емес. Қазақстанда қазақ тілі мемлекеттік тіл. Сол себептен оқылатын сабақтардың басым бөлігі қазақ тілінде болу керек. Тек ағылшын, орыс тілі деген сияқтылар барлық мектепте сол тілде болуы мүмкін.

– 19 млн халықтан мемлекеттік тілді білетін мемлекеттік қызметкер табылмауы мүмкін бе?

– Мүмкін емес. Біріншіден неге олай дегеннің себептеріне келетін болсақ, 30 жылдың ішінде қалыптасқан кадрлық жүйе, шынын айту керек, дұрыс болған жоқ. Ол көбіне таным-тамыр, туыс, жерлес арқылы қалыптасты. Оны бір күнде өзгерту мүмкін емес. Қазір оған кадрлық әлеует де аздау. Оған біріншіден жас, екіншіден, мемлекеттік тілді жақсы білетін, үшіншіден, біліктілігі жоғары кадрлар керек. Үміткерлердің бойында соның біреуі болмай тұрса, оған көзді жұмып қарай алмаймыз ғой.

Бірінші, мемлекеттік тілдің қажеттілігін өзіміз жасауымыз керек. Мемлекеттік қызметке мемлекеттік тілді білетін адамдарды алсақ бұл қажеттілік. Екіншіден, оны ұлттық



Фазиз ТЕЛЕБАЕВ,

философия ғылымының докторы, профессор, ҚР Әлеуметтік ғылымдар академиясы мен Халықаралық ақпараттандыру академиясының академигі:

«АУЫЛДЫҢ ЖАҒДАЙЫ ЖАҚ САРМАЙ, АДЫМЫМЫЗ АЛҒА БАСПАЙДЫ»

компаниялардан бастасақ. Қазақтелеком, Қазпошта сияқтылар өзінің ережелеріне мемлекеттік тілді білу міндетті түрде деген талапты қоюға болады. Бұл ешбір азаматтың құқығына қайшы емес. Халыққа қызмет көрсететін орынға кез келген азамат келе алады және мемлекеттік тілде сөйлеуге де құқылы. Сол кезде маған мемлекеттік тілде қызмет көрсетілмесе мен шағымданамын және сотқа дейін бара аламын. Сондай жағдай жасау керек.

– Дамыған елдердің тәжірибесіне қарасақ барлық ел ауылдағыларға көптеген жеңілдік береді. «Ауыл – қазақтың алтын бесігі» дейміз. Алайда сөз көп, нақты қолдау аз. Неге?

– Егер ауылдағылардың бәрі қалаға көшіп кетсе көп нәрседен айырыламыз. Көп нәрсе құрдымға кетеді. Салт-дәстүр де, тіл де. Билік те соны айтып жүр, бірақ ісі мардымсыз боп жатыр. Көптеген ауылдық жерлерде инфрақұрылым дамымаған. Қазір интернет заманы. Интернетті ауылға апарсаң олар жұмыс іздеп қалаға ұмтылмайды. Өйткені, сол жерден де білім алуға, өз кәсібін жүргізуге болады.

– Ұлттық сана егемендік алды ма?

– Алмады деуге болмайды. Толыққанды қалыптаспады деп айтса болады.

– Ұлттық сананың басты белгілері қандай?

– Ең қиыны экономикадан бастайық. Толығымен тәуелсіз деп айтуға болмайды. Өйткені, негізінен шикізат өндіреміз. Сондықтан оның бағасына немесе оны тасымалдауға тәуелдіміз. Ресей транзит бере ме, мұнай тасымалдайтын құбырды жауып тастай ма деген сияқты. Сонымен қатар Қытайға да, басқаға да алаңдаймыз. Тәуелсіз болу үшін экономика мықты болу керек.

Саяси тәуелсіздік экономикадан кішкене жоғары тұр деуге болады. Саяси тәуелсіздік қызық құбылыс

қой. Бірде бір мемлекет тәуелсізбін деп айта алмайды. Жаһанданумен бірге бір-біріне тәуелді. Біз де саяси жағынан көп нәрсеге тәуелдіміз. Көршілерге ғана емес, АҚШ-қа да алаңдаймыз.

Егер экономикалық, саяси және рухани тәуелсіздікті салыстырсақ біз рухани жағынан тәуелсіздіктің біраз жемісін көрдік. Бағаладық та, санамыз да соған орай өзгеріп келе жатыр. Бірақ тағы қайталап айтам, толыққанды өзгерді деп айтуға болмайды. Өйткені, біздің санамызда кейбір қалдықтар бар. Оның кейбіреуі патшалық Ресейге колония болған кезден қалса, екіншілері совет заманынан қалған. Кейбір біздің азаматтар, әсіресе,

жүйелі түрде жасай алмай отырған сияқты.

– Мәдениеттің өзінің ішкі даму заңдары бар. Сіз айтқан жұмыс көзге көрінбегенімен, таланттар бәрібір топты жарып шығады. Бүгінде есімі бүкіл әлемге әйгілі болған Димаш Құдайберген сияқты таланттар бізде өте көп. Тек соларды табу, көрсету, таныту жағы кемшін түсіп жатыр.

– Президент ұлықтау рәсімінде Үкіметке «Ауыл» бағдарламасын жасауды тапсырды. Жалпы, ауылды дамыту мәдениет үйінен басталуы керек емес пе?

– Дұрыс айтасыз. Кез келген ауылда мәдениет үйі, клуб, кинотеатр деген болу керек. Қазір мұндай мекемелер ауыл тұрмақ, кейбір аудан орталықтарында да жоқ. Мен өзім Бақанастанмын. Ауылға жиі барып тұрамын. Ондағы кинотеатр әлі іске қосылған жоқ. Мәдениет үйі ғана бар.

Мәдениет үйінің өзін-өзі қаржыландыруы мүмкін емес. Әрбір ауылда инфрақұрылым ғана емес, мәдениет пен спорт нысандары болу керек. Бұл балалардың барып, салауатты өмір салтын ұстану үшін қажетті шарт.

Мен бағдарламаға емес, биліктің өзгеріп жатқанына ғана үміт артамын. Билік өзгерісті, тазаруды

өзінен бастауы керек. Президент былтыр 7 жылға сайланды. Мемлекет басшысына енді ең алдымен өзін көрсету керек. Ел тарихында қалу үшін елді көтеретін, елге жағатын істер жасалғаны дұрыс. Екіншіден, биыл Сенат пен Мәжіліс сайлауы өтеді. Осыған орай саясат алаңына жаңадан 4-5 саяси партия қосылса деген тілек бар. Кезінде біз Алматыда либералды қозғалыс құрғанбыз, ол партия болуы керек еді. Алайда оны кейін билік амалын тауып «Нұр Отанға» қосып жіберді. Соның нәтижесінде билік партиясы барлық саланы монополиялап алды. Енді одан қайта арылу керек. Сонда ғана «Ауыл» бағдарламасы дұрыс болады. Тіпті оған өзің айтып отырған Германия, Жапония сияқты елдерден неге бір-бір сарапшы тартпасқа? Бағдарламаның дұрыс болуы мен оның іске асуы екі басқа нәрсе.

– Бізде билік органдарының жауапкершілік мәселесі кейде әлі толық жүйеленбеген секілді көрінеді заң жүзінде. Бұл мәселеге қатысты сіздің ойыңыз қандай?

– Ең бастысы өткен 30 жылда болған нәрсе енді ары қарай қайталанбауы керек. Монополиядан кетсек, саяси жүйе, Үкімет пен Парламент өзгерсе жауапкершілік жайы шешіле бастайды.

Жалпы, Мәжіліс депутаттарының кемінде жартысын халық сайлауы керек еді. Болашақта Парламентке

бәрі сондай жүйемен келу керек шығар. Сонда ғана біздің билік органдарының да жауапкершілігі артады. Олар өзін тағайындайтын жоғары билікке емес, халыққа тәуелді болғанда ғана өз жауапкершілігін сезінеді. Бұл үшін ҰЕҰ рөл де арту керек.

– Азаматтық белсенділікті арттыру үшін не қажет?

– Азаматтардың өзінің жеке белсенділігі қажет. 30 жылда біз белсенді болып үйренген жоқпыз. Ол сайлаудан да көрінеді. Мен әсіресе, Алматы халқына таңғаламын. Мұнда пессимистік көзқарас қалыптасқан. Белсенді адамдардың және партия, қозғалыстың көбі осында ғой. Соған қарамастан саяси өзгерістерге енжарлық басым.

– Үштен бірі сыртта жүрген қазақты неге ұлттың байлығы деп жариялап, олардың құқын қорғайтын арнайы мемлекеттік орган құрмаймыз?

– Отыз жылда сырттан 1 млн ғана қазақ келген екен. Мен енді алдағы уақытта тағы 1 млн қазақ келеді дегенге сенбеймін. Өйткені, олардың көбі диаспора емес. Бүгінде басқа елдердің аумағында қалып қойғанымен олар өзінің ата-бабасының туған жерінде өмір сүріп жатыр. Олардың өз қонысын тастап, көше қоюы екіталай. Әрине, біразы сол елдерге жұтылып кетеді басқа ұлт болып. Оларды Қазақстанға келіңдер деп үгіттеуге мүмкіндік жоқ. Тек жұтылмауы үшін мемлекет тарапынан көмек керек (оқулық сияқты). Әзірге оны біздің еліміз жасай алмай жүр.

Көші-қон саясаты диаспораға ғана қатысты емес. Біз алдағы уақытта жұмыс күші жетпейтін аймақтарды ішкі көші-қон мен диаспора есебінен ғана емес, көрші қырғыз бен өзбек елдерінің есебінен де шешуге көңіл бөлуіміз қажет.

– Сұхбатыңызға рақмет.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

Егер ауылдағылардың бәрі қалаға көшіп кетсе көп нәрседен айырыламыз. Көп нәрсе құрдымға кетеді. Салт-дәстүр де, тіл де. Билік те соны айтып жүр, бірақ ісі мардымсыз боп жатыр. Көптеген ауылдық жерлерде инфрақұрылым дамымаған. Қазір интернет заманы. Интернетті ауылға апарсаң олар жұмыс іздеп қалаға ұмтылмайды. Өйткені, сол жерде де білім алуға, өз кәсібін жүргізуге болады.

МЕДЕУ МҰЗ АЙДЫНЫНЫҢ ДАҢҚЫ ҚАЙТА ЖАҢҒЫРА МА?

Теңіз деңгейінен 1691 метр биіктікте орналасқан Медеу мұз айдыны соңғы 50 жылдағы Алматы қаласының ғана емес, бүкіл Қазақстанның ең әйгілі бренді. Кеңес одағын былай қойғанда, бүкіл әлем бойынша «рекордтар фабрикасы» аталған Медеудің даңқы әсіресе 1972–1990 жылдары жер жүзіне танымал болды. Өкінішке қарай кейбірі әлі күнге дейін бұзылмаған бұл рекордтардың нақты санын айта алмай жүр. Сондықтан әр жерде 100-ден бастап, 350-ден астам деген түрлі сандар айтылады.



Бір кездері конькимен жүгіру спорты бойынша барлық елдің құрамасы өз дайындығын осында өткізуге тырысып, тіпті мұнда болатын халықаралық және әлемдік деңгейдегі жарыстарды жіберіп алмауға тырысатынын ардагер спортшылар әлі күнге тамсана айтады. Мамандардың сөзінше, Медеу мұз айдынының 1980 жылдардың екінші жартысынан бастап өз мақсатына дұрыс пайдаланылмай, мотоцикл жарысынан бастап, ән

байқауына дейінгі түрлі шаралар өткізілетін орынға айналуы оның конькимен жүгіру спортындағы зор әлеуеті мен рөліне орасан нұқсан келтірді. 20 жылға жуық атағы жер жарып тұрған спорт кешенінің соңғы 30 жылда басынан бағы тайды. Сондықтан оның орнын біртіндеп Канададағы Калгари мен АҚШ-тағы Солт-Лейк-Ситидегі жабық спорт кешендері басты.

– Қайта жаңғыртылатын Медеу мұз айдыны кешенінің тұжырымдамасын 2023 жылы жасап шығамыз деп ойлаймын. Жұмыс екі бағыт бойынша жүріп жатыр. Біріншісі, инженерлік желісін қоса алғандағы ғимараттың жалпы жағдайы. Екіншісі, мұзды қалыптастыру мен оны ұстап тұру үдерісінде қолданылатын мұздатқыш жабдықтар бойынша. Өкінішке қарай, мұндағы бес мұздатқыш агрегаттың (төртеуі негізгі, біреуі қосалқы) бәрі стандарттарға сәйкес емес және заманауи экологиялық нормаларға сай келмейді. Сондықтан біздің басты мақсатымыз – 50 жыл бұрын қаланған негізді сақтап қалу және оны жаңа мазмұнмен толықтырып, келушілерге сапалы қызметтің озық деңгейін ұсыну, – дейді Алматы қаласының спорт ғимараттары дирекциясының басшысы Елена Тё.

Оның айтуынша, «Дене шынықтыру және спорт қала тұрғындарының салауатты өмір салтының негізгі құрамдас» жол картасына сәйкес жоспар бойынша 2030 жылға дейін бұл мақсатқа алдын ала Алматы қаласының бюджетінен 12 млрд 250 млн теңге жұмсалады. Бір қарағанда бұл қысқы спорт жанкүйерлері үшін қуанышты жаңалық болып көрінгенімен, «Медеу» мұз айдыны құрылысының бас инженері Борис Яглинскийдің оған қатысты өз күдігі бар.

– Бұдан 50 жыл бұрын ғана емес, әлі күнге дейін бүкіл әлем бойынша ашық аспан астындағы теңдесі жоқ бірегей бұл мұз айдынының құрылысын ең алғаш жобалап, оны салған кезде де мамандар оның пайдаланылу мерзімін барынша ұзартуға ерекше мән берген болатын. Сондықтан жабдықтар тозып, жарамсыз болып қалды деген сөзге өз басым сенбеймін. Әйткені, тәуелсіздік жылдары кешенді түрлі деңгейдегі ағылдағы және күрделі жөндеу жұмыстарына бюджеттен қомақты қаражат бөлінді. Өкінішке қарай, олар толықтай өз мақсатына жұмсалған жоқ. Тіпті, кезінде біз құзырлы органдарға әлем бойынша тауды жердегі ең биікте орналасқан №1 ашық мұз айдыны кешенін сақтап қана қоймай, оның даңқын қайта жаңғырту үшін жанынан қосымша жабық мұз айдыны кешенін салу туралы ұсыныс да айттық. Оның орнын да анықтап бердік. Алайда, республиканың спорт саласын басқарған шенеуніктер «Алау» деп аталатын бұл кешеннің Алматыда емес Астанада салынуы үшін барлық күш-жігерін жұмсап, оған Мемлекет басшысын да көндірді. Соның нәтижесінде қазір Қазақстанның конькимен жүгіру спортының орталығы Астана саналғанымен, ол спорттың бұл түрінің жоғары қарқынмен дамуына тиісті деңгейде серпін бере алмай отыр, – дейді бүгінде жасы 90-ға жуықтап қалған Борис Яглинский.

Тарихқа көз жүгіртер болсақ Медеу мұз айдынының тарихы 1949 жылдың күзінен басталады. Алғашқы кезде мұнда табиғи мұз айдыны болған. Ондағы стадион салынып біткен соң 1951 жылдың 4-5 ақпан күндері Бірінші бүкілодақтық жарыс өтеді. Осы жарыста 2 әлемдік және 6 одақтық рекорд орнатылды. Осылайша КСРО-дағы мұз айдындары арасында көрсеткіші жағынан ең алдыңғы орынға шыққан Медеудің сырын іздеген мамандар құпияның кілтін ашуға біраз уақытын жұмсады. Соның нәтижесінде 1970 жылы табиғи мұз айдыны стадионының орнына жасанды мұзы бар спорт кешенін салу туралы шешім қабылданды. Жоба құны 8,4 млн рубльге бағаланған бұл нысанды салуға 1300-ден астам жұмысшы тартылып, 1972 жылы 28 желтоқсанда оның ресми ашылу рәсімі өтеді. Мұз айдынының сырғанау аумағы 10,5 мың шаршы метрді құрап, оның көпқабатты алаңы 20 түрлі материалдан жасалды. Ал мұздатқыш жабдықтардың қуаты 6,5 млн ккал/сағатты құрап, ол мұзды 8 ай бойы сақтауға және конькимен сырғанау жолақтарын жыл бойы пайдалануға мүмкіндік берді. 10,5 мың көрермен отырып тамашалай алатын кешенге 1973 жылы 16 тамызда КСРО басшысы Л.И.Брежнев келген. Ал 1975 жылы сәулетшілер мен инженерлер тобы КСРО Мемлекеттік сыйлығына ие болды.

Онда әр жылдары конькимен жүгіруден әйелдер арасындағы Еуропа чемпионаты (1974 жылы), допты хоккейден КСРО чемпионаты (1977 жылы), Еуропа чемпиондарының кубогы (1978 жылы), мұздағы мотоциарыстан жекеley әлем чемпионатының ақтық сайысы (1989 жылы), мұздағы мотоциарыстан командалық әлем чемпионатының ақтық сайысы, допты хоккейден КСРО чемпионаты (1990 жылы), 1990–2004 жылдары «Азия дауысы» эстрадалық ән байқауы, допты хоккейден VII ысқы Азия ойындарының жарыстары (2011 жылы), допты хоккейден әлем чемпионаты ойындары (2012 жылы), допты хоккейден Азия чемпионаты (2012 жылы), студенттер арасында конькимен жүгіруден әлем чемпионаты (2014 жылы), конькимен жүгіруден қысқы универсиада ойындары (2017 жылы) өткен болатын.

Жалпы Медеу мұз айдынында тәуелсіздік жылдары алғашқы ауқымды техникалық қайта құрылымдау жұмысы 2001–2002 жылдары жасалды. Одан кейін 2008–2009 жылдары екінші рет жүргізілді. Енді үшінші рет жүргізілгелі отыр.

**Е. КЕБЕКБАЙ,
«Заң газеті»**

Ұлықпан СЫДЫҚОВ республикамыздың жоғары техникалық білім жүйесінің заман талабына сай өркендеуіне үлес қосып келе жатқан азамат. Ғылыммен қоса, өнердің де туын көкке көтеріп жүрген азаматтың есімі жалпақ жұртқа жақсы танымал. Бүгінде 75 жасқа толып отырған ғалым ағамыздың мақтан етер, үлгі тұтар істері баршылық.

ЕЛГЕ ЖАСАЛҒАН ЕҢБЕК ЕЛЕНБЕЙ ҚАЛМАЙДЫ

Ұлықпан Сыдықов 1965 жылы Семей облысы Мақаншы ауданындағы С.Сейфуллин атындағы қазақ орта мектебін Алтын медальмен тәмамдаған соң Қазақ политехникалық институтының Автоматика және есептеу техникасы факультетіне оқуға түсті. Оқушы күнінде неше мәрте математика және физика пәндерінен өткізілген республикалық, Батыс Сібір және Қазақстан аймақтық олимпиадаларға қатысып, жүлделі орындарға ие болғандығы оның заман ағымын ілгері бастаған жаңа инженерлік мамандықты қалауына себеп болған еді.

Үздік студент қоғам өміріне де белсене араласты. Аты әлемге әйгілі «Дос-Мұқасан» вокальды-аспапты ансамблінің іргетасын қалаушылардың қатарында болды. Сол кезеңде республикамыздың әдеби-мәдени қауымын елең еткізген «Бәйшешек» әдебиет бірлестігін құрып, жетекшілік жасады.

Студенттік жылдарында Ұ.Сыдықов қоғамдық ғылымдарға деген қабілетімен көзге түсті. 1970 жылы институтты үздік бітірген соң философия саласы бойынша аспирантураға қабылданды. Өз кәсібін шын сүйетін, өз мамандығына шынайы берілген Ұлықпан Сыдықов диссертация қорғаған мезгілден бастап, күні бүгінге дейін түлеп ұшқан білім ордасында шығармашылық, ұйымдастырушылық, ұстаздық қызметпен белсенді әрі жемісті түрде шұғылданып келеді. Еңбек жолын қатардағы оқытушыдан бастаған ғалым профессорға дейінгі жолдан өтті.

«Жас келсе іске» демекші, білімі мен талабының жоғарылығын студент кезінде-ақ мойындатқан Сыдықов 29 жасында өзі білім алған Автоматика және есептеу техникасы факультетінің деканы болып сайланды. Осылайша жаңа мамандықтардың Қазақстан топырағында толық ірге тебуіне, кафедралардың материалдық-техникалық базасының нығаюына, бұл салалар бойынша ұлттық кадрлардың дайындалуына күш-жігерін жұмсады.

Айналасына қамқор болып, жастарға үнемі қолдау көрсетіп жүретін ғалым кейіннен Қазақ политехникалық институтының тәрбие ісі жөніндегі проректоры болып тағайындалды. 1988 жылы республикада тұңғыш рет халықаралық байланыс істері бойынша проректор болып бекітілді. Институт қабырғасына Азия, Африка, Латын Америкасы елдерінен келген студенттердің тиянақты инженерлік білім алуына, қазақ халқының тарихымен, мәдениетімен терең танысуына, сондай-ақ, халықаралық байланыстың жүйелі арнаға түсуіне үлес қосты. Ол еліміздің өндіріс аймақтарына жиі-жиі сапар шегіп, кәсіпорындарда, институт филиалдарында ғылыми-практикалық конференциялар өткізіп, ұстаздар мен студенттерге ғылыми-әдістемелік көмек көрсетіп тұрды. Іскерлігі, жоғары ұйымдастырушылық қабілеті, сыпайылығы, әділдігі арқасында көпшілік құрметіне бөленді.

Үнемі жаңа бастамалардың, соны жобалардың басы-қасын-



да жүретін Сыдықов 2000 жылы Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ Ұлттық техникалық университетінде (ҚазҰТУ) жаңа құрылым – Жаратылыстану-гуманитарлық институтының құрылуына ұйытқы болды. Ігі іске жанашыр болғандықтан осы институттың директорлығы мен университеттің тәрбие ісі жөніндегі проректорлығы да Ұлықпан ағамызға сеніп тапсырылды. Ал бұл істегі алғашқы қадамын Сыдықов институтқа ғұлама ғалым, университеттің алғашқы түлектерінің бірі, әйгілі фарабитанушы Ақжан Машановтың есімін берумен бастаған болатын. Осының өзі ағамыздың үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетіп, ел дамуының басында тұрған тұлғалар есімін жаңғыртуға өлшеусіз үлес қосқанын айғақтайды.

2001–2012 жылдары Ұлықпан Сыдықов ҚазҰТУ-дың оқу-тәрбие ісі жөніндегі проректоры, 2013 жылдың қыркүйегіне дейін ректордың тәрбие және идеология мәселелері бойынша кеңесшісі, Әлеуметтік мониторинг ғылыми-практикалық орталығының директоры қоғамдық пәндер кафедрасының меңгерушісі, университеттегі «Нұр Отан» («Аманат») бастауыш партия ұйымының төрағасы қызметтерін атқарды. 2021 жылдың наурыз айынан бері ректордың кеңесшісі, сондай-ақ университетке айрықша еңбек сіңірген айтулы ғалым-ұстаздардың басын қосқан «Ақсақалдар алқасы» құрылымының төрағасы міндетін абыроймен атқарып келеді.

Осы қызметтерді атқару барысында тәрбие ісінің ұлттық мазмұнға ие болуына, оның ғылымилығы, жүйелілігі және оқу ісімен органикалық біртұтастығының қамтамасыз етілуіне, қазақ тілінің оқу-тәрбие үрдісіне енуіне мейлінше атсалысты. Кезінде университеттегі «Қазақ тілі қоғамын» құруға белсене қатысып, оның тең төрағасы, «РАС» газетінің негізін қалап, 8 жыл бойы бас редакторы болды. Бұл Ұлықпан ағамыздың жастардың білімін көтеруде, азаматтық белсенділігін арттыруда, мемлекеттік тілдің мерейін өсіруде әрдайым алғы шепте жүргенін дәлелдесе керек.

Ұ.Сыдықовтың Қазақстандағы студент жастар социологиясының осы заманғы мектебін қалыптастырғанын атап өткен жөн. Оның ғылыми жетекшілігімен 1 ғылым докторы және 5 ғылым кандидаты мен 6 магистр дайындалды.

Ғалым ағамыз 1984–1986 жылдары белгілі қоғам қайраткері журналист Сағат Әшімбаевпен бірлесіп Қазақ теледидарында «Жүректен қозғайық» деп аталатын хабарлар циклын жүргізді. Бұл хабар қазақ жастарының ұлттық сана сезімінің өсуіне үлкен ықпал жасағаны белгілі. Одан кейін ұзақ жылдар бойы профессор, марқұм Ахмет Ержановпен және өз ұстазы академик Досмұхамед Кішібековпен бірге «Республика өмірінің өзекті мәселелері» деген тақырыпта телехабарлар циклын жүргізіп келді. Қазір де Қазақ радиосы, Шалқар радиосы және ұлттық «Қазақстан», «Хабар» телеарналарынан берілетін хабарлардың тұрақты қатысушысы және кейіпкері болып, қоғамның өзекті

мәселелерін көрсетуге, шешуге белсене араласуда.

Ұ.Сыдықов Қазақстан мәдениеті мен өнеріне де өзіндік үлес қосып келе жатқан азамат. Елімізде «Қазақ эстрадасының аңызы» атағына ие болған санаулы адамның бірі. «Дос-Мұқасан» ансамблінің болмысын бейнелейтін, қазақ эстрадасының алтын қорына енген «Той жыры», «Қуанышым менің», «Бойжеткен», «Әсем жұлдыз», «Ғашықпын» сияқты талай танымал әннің авторы. «Ару қыздар» әні 2000 жылы республикалық «Жаңа ғасырға жаңа ән» байқауының дипломына ие болса, «Алау сезім» атты әні жастар арасында кең тарап, қол телефондарына қонып, жүректеріне жол тапты. Бірнеше кинофильмдерде шырқалды. Ал Досым Сүлеев, Мұрат және Данияр Құсайыновтармен бірлесіп жазған «Сәтбаев университеті» гимнін бүгінгі күні барша студенттер мен ұстаздар зор ықыласпен, үлкен мақтаныш сезіммен орындайды десек артық болмас.

Ұ.Сыдықов «Дос-Мұқасан» ансамблінің негізін қалаушылар мен мүшелерінің қатарында 1973 жылы Берлин қаласында өткен Бүкіл дүниежүзі жастары мен студенттерінің X фестивалінің лауреаты, алтын медаль иегері және 1974 жылы Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығының лауреаты атағына ие болды. Сонымен бірге, ғалым, қоғам қайраткерінің еңбегі елеусіз қалмай ҚР Президентінің Алғыс хаттарымен, «ҚР білім саласының құрметті қызметкері», «ҚР мәдениет қайраткері», «ҚР ғылымына сіңірген еңбегі үшін» төсбелгілерімен, «Ауған соғысы ардагерлері» қауымдастығының «Сауап» медалімен, А.Байтұрсынов атындағы медальмен марапатталған.

Ұ.Сыдықовқа 2010 жылы «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» атағы берілді. 2011 жылы ҚР Ұлттық Жаратылыстану ғылымдары академиясының, 2015 жылы ҚР Педагогика ғылымдары академиясының және Халықаралық ақпараттану академиясының академигі болып сайланды.

«Туған жерге туынды тік» деген ұстанымнан айнымаған ғалымның басшылығымен және туған інісі Қайранбақыттың тікелей қаржылық-ұйымдастыруымен Шығыс Қазақстан облысы Мақаншы ауылында даңқты қолбасшы Қаракерей Қабанбай батырға орнатылған алып ескерткіші бүгінде ел игілігіне айналып отыр. Сыдықовтың елге, жерге деген махаббаты, жанкештігі еңбегі бағаланып Шығыс Қазақстан облысы Ұржар ауданы мен Мақаншы ауылының Құрметті азаматы атанғанын да ауыз толтырып айтуға болады.

Соны ойлары мен көреген істері қоғамның локомативіне айналған ғалым, қайраткер, көшбасшы ағамыздың 75 жас мерейтойы құтты болсын! Кәсібіне адалдық танытып, елінің өркендеуіне елеулі еңбек еткен Лұқпан Сыдықовтың ізін жалғайтын шәкірттері көп болғай.

**Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»**

Тас зауытының жол жиегінде тұрған күзет күркесі Жексеннің жұмыс орны. Бұл зауыттағы бүкіл темір-терсек, көліктерді бір сағат сайын тексеріп шығуға міндетті. Және түн баласы кірпік ілуге болмайды. Осыдан басқа алып бара жатқан жұмысы жоқ.

Темекі тұқылын жерге тастап қара бәтіңкесімен мыжғылап тастады. Кеше ғана жаз секілді еді, көзді-ашып жұмғанша күз де жетіп үлгерді. Күздің салқын ызғары жакетінің жағасын қағып тұр. Кенет жолдың арғы бетіндегі көше шамы астынан әлдекімнің бұған қарап тұрғанын байқады. Демі тарылып, бойын үрей билей бастағандай. «Мына, қара неге сонша шүйлігеді-ей», – деді тыжырынып. Ол да көзін бұдан аударатын емес. Сәл жақындап жүзіне анықтап қараса бір жерден көрген сияқты. Он сегіз жасар бозбала тақылеттес. Бейтаныс Жексеннен көз аудармай аз-кем аялдады да бұрылып жөніне кетті. Бойы – тік, жүрісі – нық. «Неге сонша жүрісі суыт, әлде біздің ауылдан келген, жұмыс таба алмай жүрген жастардың бірі болды ма екен?» деді ауылдағы құрдастарының балаларын көз алдына елестетіп. Осыны ойлады да түнерген



СӘМБІ ТАЛДЫҢ САЯСЫ

аспанға тағы бір көз тастап, күркесіне еніп кетті.

Апта аяғында Жексен аздап сергуді ұйғарып, сыраhanaға барса халық ығы-жығы. Ортадағы орындыққа отырып бір саптыаяқ сыраға тапсырыс берді. Дастарқанда құрт, кепкен балық молынан тұр. Құрттың бірін алып сора бастады. Кенет, арғы бұрыш жақта, терезеге жақын кеше күзет маңынан байқаған бейтанысты тағы көрді. Ол да сыра ішіп ойы аулақта өзімен-өзі отыр. «Мына қара басқыр, мені аңдып жүргеннен сау ма?», – деп ойлады Жексен. Орнынан атып тұрып қасына барғысы, кім екенін, не істеп жүргенін білгісі келді. Бірақ ерінді ме, әлде енді тұра бермекші болғанда даяшы сыра әкеліп қалды ма, не керек орнынан қозғалған жоқ. Осылай өз ойымен өзі боп отыра берер ме еді, әлгі жас түрегелмегенде. Үстінде былғары күрте. Аяғында саптама етік, джинсы шалбар, шашын артқа майлап тараған. Ызғар шашып тұрған көзі кенет бұны шарпып өтті. Қалың қасы мен қыр мұрыны, сопақ басы, жұқа ерні, бәрі – таныс. «Мынау шынында біздің ауылдың баласы» деген оймен Жексен қасынан өте берген оның қолынан шап беріп ұстап алды. Әлгі жас бұнысын шыбын шаққан құрлы көрген жоқ. Басын еріне бұрып «не болды» дегендей суық қарап тұр.

– Әй, сен өзі кімсің? Біздің ауылдың баласысың ба?

Балада үн жоқ мелшиіп қарады да қойды.

– Бәлкім, ағам бар деп пана көріп кеп отырған шығарсың? Көмегім қажет болса айт, қолдан келгенін аян-баспын, – деді Жексен шын көңілмен.

– Иә... Қалаға өмірімнің тас-талқанын шығарған адамды іздеп келдім. Менің бұндай сорлы өміріме сол жан кінәлі. Әйтпесе, менде нендей армандар бар-тын. Мақсат-мұраттарым қаншама еді. Бәрі бір-ақ күнде жермен жексен болды. Қарғыс атқыр, сол әпенде қолыма түссін, оңдырмаспын, – деді тістеніп.

Жексен оның от қарып тұрған жанарына жасқана қарап, «жас та болса салмақты екен. Үлкенмен қалай-қалай сөйлеседі өзі?! Дөрекілігін қара, мұрынбоқтың», – деп ойлап үлгерді.

– Әй, інішек, не деп шатып тұрсың? Өміріңді құртқан адамды іздеп жүр екенсің, несіне мені айналсоқтайсың? – деді ызғарланып.

– Сен сол адамға ұқсайсың, – деген жас білегінен ұстап тұрған Жексеннің қолын қағып, дереу есіктен шығып кетті.

«Мына баланың шынында есі ауысқан. Кімнің баласы болуы мүмкін.

Кімге ұқсайды? Бір жерден көргем. Қайдан көрдім?» деген оймен тырнағын тістеп, ақыры есіне түспеген соң, «құрып кетсінші» деді де сыраны шыңыраудай көмейіне сылқита төңкеріп жіберді.

Қайбір күні «әне тағы келді, мына сотқар», – деді өз-өзіне сыбырлап, терезенің ар жағында көше шамы астында малмандай су боп тұрған бейтанысқа қарап. Терезедегі жаңбыр айғызына қарамастан «Сені жақсылап суретке түсіріп алайын. Міне, осылай», – деді қарауытқан бейнені телефон камерасына тартып. «Сен кіммен, нендей ойын ойнағаныңды білмейді екенсің. Әкеңді таңытайын», – деп бар батылдығын бойына жинап, есікті ашты. «Бүгін, әлде ешқашан», – деді Жексен бұл жұмбақтың шешімін таппай сілікпесі шыққанына жыны ұстап. Бейтанысқа қарай тұра жүгірді, анау болса, орнынан тапжылатын емес. Құдды бір келгенін алдын ала күтіп тұрғандай. Жексен жүгіріп келе жатып, «мынау өзі қандыкөз қанішер болмаса етті. Қорқатын түрі жоқ қой», – деді жақындай бере жүгірісін баяулатып. Бірақ, қателескен екен, жете бере әлгі жас қаша жөнелді. Оның қашқанын көрген Жексен кәдімгідей батылданып, даусы жарқын шыға, жылдамдығын үдете түсті.

– Бермен кел, иттің баласы. Сен өзі кіммін деп тұрсың?

Бірақ жастың аты – жас, жылдам жүгіргені сонша қара үзіп кетті. Бұл шырамытып дыбыс аңдып отырып, әйтеуі ізінен қалмай келеді. Кенет бозбала ескі-құсқы үйлердің арасына кіріп жоқ боп кетті. Бұл бұлай қуаласа, ол олай қашып, басқа бір бұрыштан жылт етіп қылаң беріп, қайта ғайып болады. Екеуі баладай қуаласпақ ойнап жүрген іспетті. Не керек, білек сыбана шындап кіріскен Жексен бәрібір қайтапдаы. Ара-арасында жауыннан ішек-қарыны шыққан батпаққа бір-екі мәрте тайып жығылғаны бар. Сонда да қалысатын емес. Бір уақта құрғыр темекі түтініне бөккен өкпесі өшіп, кеудесі сырылдай бастады. Тізесіне қолын сүйеп, еңкейе ырсылдайды. Бейтаныстың кеткен ізін нысана ғып тұр. Тыныстап қайта жүгірмекші. Жан-жағын барласа қалың жыныс ішіне тап болған. Қарауытқан ағаштардың әрбірі жапырақ-құлағын қалқайтып әлгі бозбалаға ұқсап, «әрқайсысы менмін» деп бұны мазак етіп тұрғандай.

Бірақ әлгі бейтаныстың қай бағытқа қарай қашқаны белгілі. Сол ізден жаңылмаса болғаны, түбі қолына ілігер деп ойлаған Жексен өкпесін қо-

лына алып қомпаңдай жөнелді. Қанша уақыт жүргені белгісіз, тоқтамастан жүре берді. Қалың жыныстан шыға бере шет жақтағы кішігірім алаңқайда, сәмбі талдың маңынан бір қара көзге ілінеді. Жақындай бере анықтап қараса майдалап жауған жаңбырға қарамастан әлгі бейтаныс жер қазып жатыр. Бұл келем дегенше біршамасын да қазып қойған. Езіліп жатқан жерге үштік күрегін қадап, ауыр топырақты бір шетке лақтырып жатыр. Оның бұл ісін жасырып, қорғаштағандай сәмбі талдың шыбық-жапырақтары қалқалап, төгіліп тұр. Ал әлгі бейтаныс біреу-міреу көріп қалады-ау деместен, жерді қазған күйі қаза берді. Жексен не жақындап барарын, не бармасын білмей екіұшты ойда тұр. Қорқып тұрғаны анық. Ақыры есіл еңбегім еш кетпесін деді ме, оған қарай жақындай бергені бекер екен, әлгі бейтаныс талдың діңгегіне сүйеніп сұлық жатқан тағы бір қараны сүйрей жөнелді. Жексен орнында қатты да қалды. Аяғы не артқа, не алдыға қозғалатын емес. Әлгі марқұмның түр-әлпеті түк көрінбейді. Қою түннің жасырғаны аздай, бет-жүзін жаңбырға шыланған батпақ басқан. «Енді түсінікті болды», – деп ойлады Жексен мына көрініске қарап тұрып. «Мына, бала ауылдан кек құып келген екен ғой. Алдында бір жолығысып қалғанда: «Қалаға өмірімнің тас-талқанын шығарған адамды іздеп кеп отырмын. Менің бұндай сорлы өміріме сол ғана кінәлі. Сол әпенде қолыма түссін, оңдырмаспын», – деген еді, демек іздегенін тауып, оны өлтірген болып тұр ғой. Бірақ, менің не қатысым бар?», – деп ойлады ол осының бәрі шынында өз басынан өтіп жатқанына сенер-сенбесін ұқпай.

Бейтаныс шұңқырға өлікті әкелген соң барып қана Жексен кеудесіне сұғылған пышақты аңғарды. Бозбала мәйіт кеудесінен пышақты суырып алғаны мұң екен, қып-қызыл қан жуған қанжар жүзі көрінді. Ол қанжардағы қанды мәйіттің қара жейдесіне сүртті. «Мынау барып тұрған қандықол жауыз екен ғой», – деп күрсінді Жексен қол-аяғы қалтырап.

Қылмыскер қан жуған қанжарды қайтерін білмей ары-бері ойла-ныңқырап тұрды да бағанадан бері бұған тесіліп тұрған Жексенді енді аңғарғандай, пышақты «мә, сен ал», – деп бұған ұсынды. Жексен болса «жоқ» дегендей басын шайқай артқа шегіншектеп барып, жығылып қалды. «Мені де қазір өлтіреді» деп ойлағаны бекер екен, ол қанжарды аз-кем ұстап тұрып, «алмасаң қой» дегендей қабір ішіне тастай салды. Марқұмды шұңқы-

рға аяғымен итеріп еді, өлік ауыр болса керек, орнынан қозғалған жоқ. Амалсыз ауыр дененің қолтығынан ұстап шұңқырға тастап жіберді. Жансыз дене қабірге шыңырау түбіне түскен тастай, аулақта атылған оқтай, сыбдыр еткен жапырақтай құлап түсті. Күректі қайта алып, қабірді көме бастады. Кенет тоқтай қап Жексенге салқынқанды дауыспен:

– Қарап тұра бересің бе, солай, әлде көмуге көмектесесің бе? – деді күректі бұған ұсынып тұрып.

– Жауы-ы-зі! – деді Жексен көзінен жас аға, айқайлап. Даусы жарықшақтанып зарлы шықты, – не үшін өлтірдің мына бейбақты, не үшін?

– Оны жалғыз мен емес, екеуміз өлтірдік. Сен және мен. Біз сыбайласпыз, – деді ол көзіне түскен кекілін артқа қайырып.

– Не деп шатып тұрсың? Оны өлтірген сенсің! Қанішер! – деген Жексен енді одан қашпақ боп, артқа шегінді.

– Сен де өлтірдің. Бірге өлтірдік, – деді әлгі дауыс сонда да соңынан қуалап қалмай.

Қашып келе жатып артына қарауға дәті бармай, шарасыз ғана көз қиығын

– Пақыр-ау не болған саған? Біреумен төбелескеннен саумысың? – деді көзі шарасынан шыға жаздап. Суық денесіне сіңгені сонша жаурағандікі ме, әлде түнгі елес әлі бойдан тарамағандікі ме, қалшылдап тұр.

– Бәрін айтып берем, кел отыр, – деді орындықтың нұсқап. – Киім ауыстырып алайын, әйтпесе тоңып барам.

– Әй, жұмыста у-шу болып. Басқа жігіттер сені бастыққа жамандамақшы болып еді, олардың аузын бір шиша арақпен жаптым. Әйтеуір бастыққа жеткіздірмей сені іздеп келген бетім еді. Енді, тағатымды тауыспай тез-тез айтсаңшы?

Жылы киім киген Жексен оған кеше түнде не болғанын түгел айтып берді. Аңырайып, өз құлағына өзі сенбей тұрған Нұғыман:

– Мұнда бір гәп барын мен білгем. Барып тұрған маньяк десеңші. Ондайларды түрмеде шірту керек. Сонымен қоймай сені бопсалағанын қарамайсың ба? Милицияға барайық, бәрін бүге-шегесіне дейін жеткіз. Бүгін-ақ тұтқындалады ол сотқар.

– Бір түсінгенім ол ауылдан кек іздеп келген. Анау пақырды да сол үшін өлтірді. Екеуінің де кім екенінен бейхабармын. Полицияға не де болса ертерек барайық. Әйтпесе, ендігі кезек маған келгендей...

Кексе, етженді, қияқ мұртты, көзі нұрсыз тергеуші Жексеннің басынан өткен түнекүнгі уақиғаны сөзін бөлместен мұқият тыңдап шықты.

– Уайымдамаңыз, біз қазір-ақ бұл істі қолға аламыз, – деп мәселе шешіп үйренген әдетпен, алдындағы қағазға бір белгі түртіп қойды. Сосын сымды қара телефонды алып:

– Бағдат, жігіттерге айт, шамамен мына адреске баруыңыз керек. Қойлытоғай 72... Иә-иә... Жәбірленушінің айтуынша сол төңіректе. Әлгі ескі-құсқы нысандардың маңы. Хаттаманы да дереу толтырындар, – деді де телефон тұтқасын шараптан босаған стаканды үстелге ұрып қойғаны тақылеттес тарс еткізді.

– Ал мырзам, арыз дайын болса, маған беріңіз, – деп арызды қолына алып, – дереу оқиға болған жерге баруымыз қажет, – деді де сырт киімін киіп, бөлмеден шыға жөнелді. Оның айтқандарын түсіну былай тұрсын, толық та болса шапшаң қозғалғанына ілесе алмаған Жексен мен Нұғыман жас балаша қипақтап тергеушінің соңынан ілесе жөнелді.

– Полицей мырза, менің қояр сұрағым бар, – деді сасқан Нұғыман ойы шашырап.

– Сіздерге қайталап айтам, тергеуші Артығали.

– Иә, кешіріңіз... Мені зауытта жұмыс күтіп тұр, бара берсем бола ма?

– Әрине, сіз бізге қажет емессіз, – деді тергеуші оның бетіне қарамастан.

Жексеннің құлағына Нұғыман: «Кешке хабарласайық. Орныңа күзетке Қуат, болмаса өзім шығамын. Жұмысқа алаңдама», – деді қоштасып тұрып. Жексен селқос басын изей салды. Алдағы іс барысы қалай болатынына қобалжып тұрғаны белгілі.

Полиция қызметкерлері оқиға орын алған жерге тап келді. Түк болмағандай сәмбі ағаш жапырағы желге тербеліп тұр. Қылмыстың негізгі куәгері де осы – сәмбі талы іспеттес.

– Қылмыс нақты қай жерде орын алды? – деді тергеуші сұқ саусағымен алаңқайды нұсқап.

– Мына жер, иә... дәл осы жерде, – деді Жексен. Түнгі жауыннан езіліп жатқан топыраққа түрлі құрылғыларын қойып, милиция қызметкерлері әр жерді тіптіп, өлшеп көріп жатыр. Бұл үдерістің қанша уақытқа созылғаны белгісіз. Біраздан соң:

– Жігіттер сіз нұсқаған тұсты тексеріп көрді. Бірақ, жер қазылмаған. Жаңылысқан жоқсыз ба? Мүмкін басқа жер болар?

Нұрбек НҰРЖАНҰЛЫ

(Жалғасы бар)

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Астана	Айша Құрманғали 8 707 851 91 13. Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.
Алматы облысы	Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83.
Ақтөбе облысы	Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80.
Атырау облысы	Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.
Маңғыстау облысы	Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.
Қызылорда облысы	Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59.
Түркістан облысы	Шадияр Мекенбайұлы 87757335665 Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70.
Батыс Қазақстан облысы	

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz

E-mail: zanreklamaastana@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет –
сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 5321 дана
Апталық таралым 11 054 дана

Тапсырыс №2 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын ANMEDIA.KZ сайтынан оқи аласыздар.
Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.
Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.
Газетті есепке қою туралы №16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.
Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31